



ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН
ЖАЗЫЛУ

e-mail: aikyn.kz.gazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti
www.aikyn.kz

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ИГІ МАҚСАТҚА ҚЫЗМЕТ ЕТУІ КЕРЕК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Астанада өткен Digital Bridge 2025 халықаралық форумына қатысып, сөз сөйледі. Ең алдымен Президент маңызды жиынға қатысу үшін арнайы келген меймандарға шынайы ризашылығын білдірді.



Алқалы жиынға Мажарстанның Президенті Тамаш Шуйок та келді. Қасым-Жомарт Тоқаев Жоғары мәртебелі мейманды ерекше атап, оның бастамалары цифрлық технология саласындағы халықаралық серіктестікті нығайта түсетінін жеткізді.

— Бүгінде Digital Bridge өте маңызды пікір алмасу алаңына айналды, бұл жерде жаһандық өзгерістер мен цифрлық экономиканың болашағы туралы өзекті ойлар айтылып, маңызды бастамалар көтеріледі. Осы уақыт ішінде форум жұмысына 67 мыңнан астам адам, 500-ден аса ІТ компания және 100 елдің өкілі қатысты. Қазақстан Еуразиядағы негізгі цифрлық хаб ретінде алдағы уақытта да осы маңызды жұмысты жалғастыра береді, — деді Мемлекет басшысы.

(Жалғасы 2-бетте)

БАС ХАТШЫНЫҢ САПАРЫН ЖОҒАРЫ БАҒАЛАДЫ

Мемлекет басшысы ОПЕК бас хатшысы Хайтам әл-Гаисты қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Хайтам әл-Гаис әлемдік мұнай нарығының қазіргі жағдайы мен ынтымақтастықтың өзекті мәселелерін талқылады.

Мемлекет басшысы ОПЕК-тің жаһандық мұнай нарығының тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған күш-жігерін жоғары бағалады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Хайтам әл-Гаистың сапарын еліміз бен ұйым арасындағы конструктивті диалогты дамытуда маңызды қадам ретінде қарастыратынын атап өтті.

Президенттің айтуынша, Қазақстан ұлттық мүддені қорғауға басымдық бере отырып, мұнай өндіру көлемін біртіндеп ұлғайту жөніндегі ОПЕК+ шешімін қолдайды.

Әнгімелесу барысында өңірдегі энергетикалық жүйенің орнықтылығын нығайту бағытындағы бірлескен шаралар пысықталды. Сондай-ақ мұнай



өндіруші елдер мен көмірсутегін импорттаушы мемлекеттер арасындағы мүдделер тенгерімін сақтаудың маңызына мән берілді.

ЦИФРЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ ДАМУ ТУРАСЫН

Мемлекет басшысы Халықаралық электр байланысы одағының бас хатшысы Дорин Богдан-Мартинді қабылдады.

Кездесуде Қазақстан мен Халықаралық электр байланысы одағы арасында цифрлық және телекоммуникациялық технологиялар бағытындағы ынтымақтастық перспективасы талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Дорин Богдан-Мартинді Халықаралық электр байланысы одағының 160 жылдығымен құттықтап, ұйым цифрлық технологиялар саласындағы жаһандық ынтымақтастықта маңызды рөл атқаратынын айтты.

Президент заманауи цифрлық экожүйе мен дамыған инфрақұрылым қалыптастыру мәселесіне айрықша мән берді. Осы орайда Қазақстанның OneWeb, Starlink, Amazon Kuiper және Shanghai Spacecom Satellite Technology сияқты төмен орбиталы жер серіктері жүйесі жобаларына белсенді түрде қатысатынын атап өтті.

Бас хатшы Дорин Богдан-Мартин еліміздің цифрлық индустрияны дамытуға және жасанды



интеллект технологияларын енгізуге бағытталған күш-жігеріне жоғары баға берді. Сондай-ақ Халықаралық электр байланысы одағының Қазақстанмен серіктестікті одан әрі тереңдетуге және бірлескен бастамаларды кеңейтуге дайын екенін жеткізді.

ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Корея Президентіне құттықтау жеделхатын жолдады. Қасым-Жомарт Тоқаев Ли Чжэ Мёнді және корей халқын осы елдің Ұлттық күнімен құттықтады.



Президент Қазақстан мен Оңтүстік Корея арасындағы сан қырлы байланыс қарқынды түрде нығайып келе жатқанына назар аударып, қос халықтың игілігі жолында стратегиялық серіктестікті одан әрі тереңдету үшін күш-жігер біріктіруге бейіл екенін растады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ли Чжэ Мённің жауапты мемлекеттік қызметіне табыс, ал достас Корея Республикасына құт-береке тіледі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Германия Федеративтік Республикасының Президенті Франк-Вальтер Штайнмайерді Германия бірлігі күнінің 35 жылдығымен құттықтады.



Президент бүгінде Германия әлемдік аренада беделді әрі ықпалды мемлекет саналатынын атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев екіжақты ынтымақтастықтың даму қарқынын жоғары бағалап, Қазақстан мен Германия арасындағы стратегиялық серіктестіктің одан әрі нығая беретініне сенім білдірді.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІН ҚАБЫЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа аймақтың даму барысы жөнінде есеп берілді. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев өңірде барлық негізгі көрсеткіш бойынша тұрақты өсім байқалатынын айтты.

пайда болады. 2030 жылға дейінгі жоспарда құны 4,5 триллион теңгені құрайтын 120 ірі жобаның пулы жасакталды. Бұл бастамалар 20 мың жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ Е.Бөлекпаев азық-түлік нарығының импортқа тәуелділігін азайтуға бағытталған жұмыстар жүргізіліп жатқаны жөнінде мәлімдеді. Ауыл шаруашылығында ірі жобалар іске асырылуда. Атап айтқанда, екі ірі тауарлы сүт фермасының құрылысы аяқталған соң, өңірдің сүтке деген сұранысы толық қамтамасыз етіледі.

Қасым-Жомарт Тоқаев өңірді әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан одан әрі дамытуға және халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған бірқатар тапсырма берді. Қалалар мен елді мекендерді жылумен тұрақты қамту мәселелерін ерекше назарға алу, сондай-ақ Qazmet АҚ кәсіпорнындағы өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету міндеттерін жүктеді.

Биылғы сегіз айда облыста 3,2 триллион теңгенің өнеркәсіп өнімдері өндірілген. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 7 пайызға артық. Әсіресе, өңдеу өнеркәсібінің өңірлік жалпы өнімдегі үлесі артып келеді. Металлургия, машина жасау, ауыл шаруашылығы, жеңіл және тамақ өнеркәсібінің өндіріс көлемі ұлғайды.

Негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 644,7 миллиард теңгені құрап, 11,1 пайызға өсті. Биыл жалпы құны 195 миллиард теңге болатын 29 инвестициялық жоба жүзеге асырылып, 2 700-ден астам жаңа жұмыс орны

ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫН ЖЕДЕЛДЕТУДІ ТАПСЫРДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев автокөлік жолдарының құрылысын жеделдету ісі бойынша Үкіметке тапсырма берді. Бұл жөнінде Президенттің Баспасөз хатшысы Руслан Желдібай мәлімдеді.

«Президент Үкіметке «Торғай—Ырғыз» және батыс бағытындағы басқа да автокөлік жолдарының құрылысын жеделдетуді тапсырды», — делінген хабарламада.

АҚОРДА

4 ҚАЗАН 2025 | СЕНБІ

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ
ИГІ МАҚСАТҚА ҚЫЗМЕТ ЕТУІ КЕРЕК

(Басы 1-бетте)

Президент жаңа технологияны адамзат игілігіне пайдалануды, оны прогресс пен ынтымақтстықтың қозғаушы күшіне айналдыруды басты міндет ретінде атады. Жаһан жұртшылығы жасанды интеллект дәуіріне қадам басты. Озық технологияның жоғары қарқынмен дамуы саясатқа, экономикаға және миллиардтаған адамның өміріне тікелей әсер етіп жатыр.

— Сарапшылардың бағалауынша, жасанды интеллектінің дамуына соңғы жылдары дүниежүзі бойынша бір триллион доллардан артық инвестиция салынған. Ал аталған саланың әлемдік экономикаға қосатын үлесі таяу онжылдықта жеті триллион долларға дейін жетуі мүмкін. Әйтсе де, мұндай оң нәтижеге аталған технологияны жауапкершілікпен пайдаланған кезде қол жеткізуге болады. Қазір жасанды интеллект саласындағы жауапкершілік туралы қызу пікірталас жүріп жатыр. Әсіресе, ортақ реттеу ережелерін түзу және барлық елдің озық технология мен ресурстарға тең қолжетімділігін қамтамасыз ету мәселелеріне айрықша назар аударылып отыр. Біздің міндетіміз — жаңа технологияны адамзат игілігіне пайдалану, оны прогресс пен ынтымақтастықтың қозғаушы күшіне айналдыру, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Осы ретте Мемлекет басшысы 30 жылдан астам уақыт бұрын Қазақстан бейбітшілік пен қауіпсіздік жолын тандап, ядролық қарудан өз еркімен бас тартқанын еске салып, жасанды интеллект бейбіт мақсатта ғана қолданылуға тиіс деп батыл түрде мәлімдеді. Оның әскери салада, кибершабуылдарға және халықаралық тұрақтылыққа қатер төндіретін жобаларда пайдаланылуына жол беруге болмайтынына назар аударды.

— БҰҰ Бас Ассамблеясының таяуда өткен сессиясында мен Қазақстанның Ұйым аясында Жасанды интеллектіні басқару жөніндегі жаһандық диалог жұмысына атсалысуға дайын екенін растадым. Біз серіктестеріміздің бастамаларын, соның ішінде Қытайдың ЖИ саласындағы жаһандық ынтымақтастық ұйымын құру туралы ұсынысын қолдаймыз. Мен биыл халыққа Жолдауымды цифрландыру және жасанды интеллект мәселесіне арнадым. Біз алдымызға нақты мақсат қойдық: Қазақстан үш жыл ішінде нағыз цифрлық ел болуы керек. Бұл — өте ауқымды міндет. Сондықтан біз қазір еліміздің біртұтас цифрлық экожүйесін құру ісімен белсенді түрде айналысып жатырмыз, — деді Президент.

Бұған қоса, Қасым-Жомарт Тоқаев Астанада Жасанды интеллектіні дамыту жөніндегі кеңестің бірінші отырысы өткенін айтты. Жиында білім беру мәселелері қаралғанын, әлемге танымал сарапшылармен бірге адам капиталын дамыту мәселесі талқыланып, нақты міндеттер айқындалғанын жеткізді. Ең бастысы,



жасанды интеллект саласындағы тұңғыш зерттеу университетін құру туралы өте маңызды шешім қабылданғанына назар аудартты.

— Сондай-ақ бүгін Alem.ai халықаралық жасанды интеллект орталығы өз жұмысын бастайды. Бұл орталықты инновациялар мен тың идеялардың мекені деуге болады. Жалпы, Қазақстан осы саладағы кез келген ынтымақтастыққа ашық. Сондай-ақ біз елімізде екінші суперкомпьютер кластерін іске қосуды жоспарлап отырмыз. Жасанды интеллект тек игі мақсатқа қызмет етуі керек. Адам игілігі басты орында тұрады. Alem.ai жасанды интеллектіні барынша тиімді әрі этикалық нормаларға сай қолданатын жаһандық орталық болуға тиіс. Жасанды интеллект технологиясын жауапкершілікпен қолдану өте маңызды. Сондықтан жаңа университет және Alem.ai орталығы біртұтас экожүйенің негізгі өзегі ретінде қызмет етуі керек, — деді Мемлекет басшысы.

Президент цифрландыру ұлтымыздың менталитетіне оң әсерін тигізетінін айтты. Цифрлық мемлекет құру Қазақстанның келешегін айқындайтын стратегиялық таңдау екенін атап өтті. Үш жылдың ішінде цифрлық басқару форматына толық өту міндеті қойылды. Бұл мемлекеттің азаматтармен және бизнеспен өзара қарым-қатынасын түбегейлі өзгертеді. Осы мақсатта елде Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі құрылды. Жаңа ведомство цифрландырудың және тұрмыстың барлық саласына жасанды интеллектіні енгізудің басты локомотиві болады.

— Еліміздегі қоғамдық өмір мүлдем өзге сипат алады. Технологиялық тұрғыдан анағұрлым заманауи болады, яғни ұлтымыздың менталитетіне оң әсерін тигізеді. Осылайша, біз өркениетке батыл қадам жасаймыз. Мен халқымыздың кейінге қайырылып, өткенмен өмір сүрмей, келешекке сеніммен көз тігуге тиіс екенін бұған дейін бірнеше рет айтқан едім. Маған «Самұрық-Қазына» директорлар кеңесінің ЖИ технологиясымен жұмыс істейтін виртуалды мүшесінің қызметін көрсетті. Бұл — ұлттық супер-

компьютер мен Қазақстандағы Alem LLM үлкен тілдік модель базасында іске асырылған Орталық Азиядағы алғашқы жоба. Ішкі үдерістердің бәрін онтайландыруға септігін тигізетін мұндай шешімнің маңызы зор, — деп қосты Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы еліміздегі ұлттық компаниялар, отандық кәсіпорындар осындай инновациялық жобаларды белсенді түрде қолдануы керек екенін баса айтты. Осы тұста озық технологияларды қолдану, бір жағынан, пайдалы және тиімді болғанымен, екінші жағынан, сын-қатері де аз емесін ескертті. Сондықтан жасанды интеллектіні пайдалану үшін тиісті заңнамалық негіз қалыптастыру — аса өзекті міндет.

— Осы саладағы негізгі құжат — Цифрлық кодексті жедел қабылдау үшін нақты шаралар жасалуда. Кодексте экономика, білім беру, денсаулық сақтау және мемлекеттік басқару салаларын жаппай цифрландыру жүйесі айқындалады. Жалпы, Цифрлық кодексті асығыс қабылдауға болмайды, бұл — шын мәнінде жауапты, күрделі жұмыс. Сол себепті Парламентте сарапшылардың, құзырлы мекеме өкілдерінің қатысуымен жасанды интеллектіні дамыту мәселесі бойынша арнайы тыңдаулар өткізілді. Бір апта бұрын Мәжіліс «Жасанды интеллект туралы» заңды екінші оқылымда қабылдады. Расында, бұл уақытылы қабылданған заң болды. Шетел мамандары да мұны еліміздің тұрақты цифрлық экожүйесін құру жолындағы маңызды қадам деп бағалап, жақсы пікір айтуда, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев жай-барақат отыруға болмайтынын, алдымызда ауқымды жұмыс барын алға тартты. Жасанды интеллектінің орасан зор әлеуетін Әділетті, Қауіпсіз және Қуатты Қазақстанды құру үшін қолдануға болады. Алайда жасанды интеллект және цифрландыру мәселенің бәрін бір сәтте шешіп тастамайды. Жаппай цифрландыру және жасанды интеллектіні тиімді пайдалану үшін өте маңызды үш міндетті қатар орындау керек. Атап айтқанда, осы салаға ресурс тарту, жаңа білімді меңгеру және әдеп

нормаларын сақтау. Әділ әрі тиімді шешім қабылдай отырып, жылдам және ашық әрекет ету қажет.

— Әрбір жаңа мемлекеттік қызмет көрсету ең әуелі цифрлық форматта жасақталуға тиіс. Бұрын ұсынылған мәліметтерді қайта сұратудың керегі жоқ. Бұдан бөлек, мемлекет пен азаматтардың қарым-қатынасына байланысты барлық нормативтік актілер бекітілгенге дейін міндетті түрде цифрлық сараптамадан өткізілуі қажет. Соның нәтижесінде, азаматтар мен кәсіпкерлер бюрократиядан құтылып, олардың мемлекеттік институттарға деген сенімі нығая түседі. Жалпы, айтылған барлық шаралар біздің аймақта жаңашылдық саналады. Бұл еліміздің цифрлық саясатының ұзақмерзімді әрі жүйелі бағытын көрсетеді. Ақылды технологиялар үлкен деректерді өңдеуге, әлеуметтік саладан бастап негізгі экономикалық көрсеткіштерге дейінгі көптеген саланы талдауға қабілетті. Яғни, стратегиялық жоспарлаудың тиімділігін айтарлықтай жетілдіреді. Сәйкесінше, азаматтардың әл-ауқатын жақсартуға және экономикалық өсімді арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар халық несие беруден бастап мемлекеттік қызмет көрсетуге дейінгі алгоритм жүйелерінің қалай жұмыс істейтінін білуі әрі түсінуі керек, — деді Мемлекет басшысы.

Президент жасанды интеллект технологиясын экономиканың барлық саласына жаппай енгізу үшін тиісті заңнаманы да соған сәйкес бейімдеу қажет екенін еске салды. Бұл — еліміздің цифрлық және зияткерлік дербестігін қорғайтын нақты тетіктер болу керек деген сөз. Түптеп келгенде, цифрландыру және нейрожеліні кенінен қолдану Қазақстанның мемлекеттік басқару жүйесінің жаңа философиясына айналуға тиіс. Бұдан соң Мемлекет басшысы форум атауын AI Bridge деп өзгертуді ұсынды.

— Қазір әлем жұртшылығының алдында жасанды интеллектінің болашағына қатысты түрлі таңдау тұр. Оның кейбірі шексіз мүмкіндіктерге жол ашады. Ал енді бірі үлкен сын-қатерлерге душар етуі мүмкін. Дегенмен бір нәрсе

анық — келешегіміздің қандай болары біздің бірлесіп әрекет ете білуімізге байланысты. Жасанды интеллект — қазіргі заманның ақиқаты. Алдағы жылдары да адамзат дамуының негізгі бағдары жасанды интеллектіге тікелей байланысты болатыны анық. Сондықтан келесі жылдан бастап форумды AI Bridge деп атаған жөн деп санаймын. Бірақ форумның мақсат-міндеті өзгермейді. Осы бірегей алаң технология саласындағы алпауыттар мен түрлі стартаптар, бизнес пен ғылым, мемлекет пен азаматтар арасындағы дәнекер болып қала береді, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының сөзінше, жаһандық өркениеттің келбетін өзгертетін басты күш ретінде жасанды интеллект бүгінде адамзат өмірінің мәнін қайта саралауға мәжбүрлеп отыр. Сондықтан инженерлер мен басқа да кәсіп иелерін, сондай-ақ осы технологияның мәні мен даму беталысын пайымдай алатын гуманитарлық сала мамандарының жаңа буынын тәрбиелеп шығару керек.

— Жасанды интеллектіде түрлі қоғамның болмыс-бітімі, дәстүрі, құқықтық нормалары мен адамгершілік қағидалары көрініс табуға тиіс. Сондықтан оны дамытуға философтар, әлеуметтанушылар және заңгерлердің атсалысуына сенімдімін. Технология әлеуметтік теңсіздікті ушықтырмауы, азаматтардың мінез-құлқы мен таңдауына манипуляция жасамауы керек. Ол үшін тиімді шаралар қабылдауымыз қажет. Артықшылыққа ие топтар алгоритмдерді пайдаланып, әлдебір құндылықтар мен ойлау моделін қоғамға таңуы ықтимал. Оған жол беруге болмайды. Бұл әлемнің мәдени әралуандығына қиянат жасау болып саналады. Технология таңдаулыларға ғана емес, баршаға қызмет етуге тиіс. Әділ шешімі осы, — деп баса айтты Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев адамның шексіз әлеуеті және озық технологиялардың бірегей мүмкіндігі ұштасқанда ғана жарқын болашаққа даңғыл жол ашылатынын жеткізді.

— Біз мына маңызды мәселені де назарда ұстауымыз керек: жасанды интеллектінің бойында сана бар, бірақ сезім жоқ. Жасанды интеллект талдау және болжам жасауға қабілетті болғанымен, адам сияқты армандап, қиялдай алмайды. Кім біледі, бәлкім, онжиырма жылдан кейін мұндай ахуалдың өзі түбегейлі өзгеруі мүмкін, бірақ қазір Жасанды интеллектінің «жаны» әзірше жоқ. Адамзат жасанды интеллектінің игілігін көруі керек. Заманауи технологиялар қаншалықты озық болса да, адамның ой-санаы одан да жүйрік болуы қажет, яғни адам бұл тұрғыдан машинаның артында қалмауы керек. Осы мәселе бойынша көптеген тұжырым пайда болуда, тіпті, қызу пікірталастар жүріп жатыр. Бұл істе философия, мәдениет және білім айрықша рөл атқарады. Басқа сөзбен айтқанда, адамның шексіз әлеуеті және озық технологиялардың бірегей мүмкіндігі ұштасқанда ғана жарқын болашаққа даңғыл жол ашылады, — деді.

ЕКІЖАҚТЫ ӘРІПТЕСТІК НЫҒАЯ БЕРМЕК

Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев Қазақстанға ресми сапармен келген Мажарстан Президенті Тамаш Шуйокпен кездесті. Тараптар ынтымақтастықты одан әрі арттыруға қатысты өзекті мәселелерді талқылап, екі елдің парламентаралық іс-қимылының басым бағыттарына назар аударды.



сапар бауырлас елдер екіжақты ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға мүдделі екенін көрсетеді.

Мәулен Әшімбаев мәртебелі мейманға ілтипат білдіріп, сапар бағдарламасының ауқымды екенін тілге тиек етті. Соның аясында Мажарстан Президенті Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевпен бірге Digital Bridge 2025 Халықаралық IT-форумына қатысқанын айта кеткен жөн. Сенат Төрағасы атап өткендей, мұндай мазмұнды

Сондай-ақ Қазақстан мен Мажарстан арасында дипломатиялық қарым-қатынас орнаған отыз жыл ішінде қос мемлекет арасында сенімді саяси диалог, берік экономикалық ынтымақтастық және тығыз мәдени-гуманитарлық байланыс қалыптасқаны сөз болды.

«Кейінгі жылдар Қазақстан мен Мажарстан ынтымақтастығы үшін өте нәтижелі болды деуге толық негіз бар. Бұл ретте Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың былтыр Будапештке жасаған алғашқы мемлекеттік сапарын айрықша атап өткен жөн. Соның қорытындысы бойынша екі елдің стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайтуға және ортақ

бастамаларды іске асыруға бейіл екенін көрсететін бірлескен мәлімдеме қабылданды. Одан бөлек, сауда-экономикалық салада бірқатар маңызды келісімге қол қойылды. Сіздің сапарыңыз мемлекетаралық өзара іс-қимыл мен ынтымақтастыққа тың серпін беріп, екіжақты қатынастардың күн тәртібін жаңа мазмұнмен байыта түседі деп сенеміз», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сұхбат барысында Қазақстан мен Мажарстан арасындағы өзара іс-қимылды арттыруда парламентаралық диалог маңызды рөл атқаратыны айтылды. Осыған орай достық топтары мен парламентаралық ұйымдар аясындағы ынтымақтастықты және парламентаралық байланыстарды әрі қарай жандандыру тетіктеріне баса мән берілді.

«Біз Қазақстан Парламенті мен Мажарстан Мемлекеттік жиналысы арасында қалыптасқан достық байланысты жоғары бағалаймыз және оны әрі қарай нығайтуға мүдделіміз. Парламентаралық ынтымақтастығымыз Еуропа кеңесінің, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының, сондай-ақ Парламентаралық Одақтың Парла-

менттік Ассамблеялары аясында да көпжақты форматта дамып келеді. Мажарстан байқаушы ретінде қатысатын Түркі мемлекеттерінің Парламенттік Ассамблеясы аясындағы өзара іс-қимылымыз да ерекше маңызға ие», — деді Сенат Төрағасы.

Сұхбаттасушылар цифрландыру және жасанды интеллект саласындағы жаңа тәсілдерге ерекше назар аударып, алдағы ынтымақтастықтың, оның ішінде білім беру саласындағы бірлескен іс-қимылдың басымдықтарын белгіледі.

Мәулен Әшімбаев рухани дипломатияны дамытудың маңызына тоқталып, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезінің максаттарына қол жеткізуге қосқан елеулі үлесі мен көрсеткен белсенді қолдауы үшін мажар тарапына ризашылық білдірді.

Өз кезегінде Тамаш Шуйок жан-жақты ынтымақтастық үшін алғыс айтып, Қазақстан мен Мажарстанның көптеген салада мүддесі мен ұстанымы ұқсас екенін тілге тиек етті. Сондай-ақ ол бауырлас елдер арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға бейіл екенін жеткізді.



ҚҰРЫЛЫС КОДЕКСІНІҢ ЖОБАСЫН ҚАРАЙДЫ

Мәжіліс спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен Бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.

Жалпы отырыста депутаттарға «Қазақстан Республикасының Құрылыс кодексінің жобасын ілесіп түзетулерімен бірінші оқылымда қарау ұсынылады. Құжат 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Мемлекет басшысының «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауын іске асыру мақсатымен әзірленген.

Кодекс жобасы құрылыс саласындағы жүйелі мәселелерді шешуге, адамның өмір сүруіне қолайлы әрі қауіпсіз ортаны қалыптастыруға, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі топтар үшін нысандардың қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған. Онда сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі бойынша қабылданатын шешімдерді талқылауға қоғамның қатысуы, бұзушылықтарға уақтылы әрекет ету, сондай-ақ жобалау мен құрылыс саласындағы мамандар мен ұйымдарды сертификаттау қарастырылған.

Мәжіліске, сондай-ақ Парламент депутаттары бастамашылық еткен «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодекске көмірсутектер мен уран саласындағы жер қойнауын пайдалануды жетілдіру мәселелері бойынша заң жобасын қарау ұсынылады.

Заң жобасы жер қойнауын пайдалану саласының инвестициялық тартымдылығын арттыруға және уран өнеркәсібінде мемлекеттің мүдделерін қорғауға бағытталған.

Сонымен қатар көмірсутектерді барлау және өндіру жөніндегі келісімшарттарды алғашқы үш жыл ішінде иеліктен шығаруға тыйым салу, ұлттық компаниялар үшін аумақтарды резервтеудің үш жылдық шектеуін енгізу, аз зерттелген аумақтарда аукцион өткізу мерзімдерін қысқарту, геологиялық барлау жұмыстарының ең төменгі көлемін белгілеу қарастырылған. Сондай-ақ уран саласындағы ұлттық компания үшін уран кен орындары мен уран кен залеждерін барлау аумақтарын резервтеу механизмі енгізіледі.

ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАЛАРЫН ТАЛҚЫЛАЙТЫН ҚОҒАМДЫҚ АЛАҢ

Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов Қоғамдық палата мүшелерімен кездесіп, Президенттің бастамаларын жүзеге асыру барысын және алдағы кезеңнің күн тәртібін талқылады. Іс-шараға Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің төрағасы Әсет Ерғалиев қатысты.

Ерлан Қошанов өз сөзінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жуырдағы Жолдауында айтылған реформалар мен бастамаларды іске асыру аясындағы заң шығару жұмысына ерекше назар аударды. Атап айтқанда, Мәжіліс Спикері бүгінде еліміздегі басты ұлттық басымдықтың бірі — цифрлық трансформация мен жасанды интеллектті енгізу екендігін, бұл мәселелерді Президенттің өзі жеке бақылауда ұстайтынын жеткізді.

Мәжіліс Төрағасы жақында ғана депутаттар жасанды интеллект туралы заңды қабылдап, Парламенттік тыңдалым өткізгенін, ал қазір Цифрлық кодекс бойынша белсенді жұмыс жүріп жатқанын еске салды. Цифрлық саладағы барлық реттеу тетіктері бір құжатта қамтылады. Сондықтан Ерлан Қошанов Қоғамдық палатаның алғашқы отырысының бірін дәл осы мәселеге арнауды ұсынды. Бұдан бөлек, бір палаталы Парламентке көшу бастамасын да маңызды міндет ретінде атап өтті.

— Мемлекет басшысы алдағы парламенттік реформаны жан-жақты талқылауды тапсырғанын білесіздер. Қоғамдық палата аясында ресми пікірталасты бастауды ұсынамын. Бұл процестің ашық әрі айқын болуын қамтамасыз етеді. Қоғамдық палата жалпыұлттық пікірталасқа ұйытқы болып, осы бастаманы қолдауға тиіс, — деді Ерлан Қошанов.

Сонымен қатар Мәжіліс Спикері Қоғамдық палатаның ережесінде қоғамдық тыңдалымдар форматы бар екенін еске салып, бұл жиындарды жұртшылықтың, мәслихат

депутаттарының, өңірлердегі Қоғамдық кеңес мүшелерінің және сарапшылардың қатысуымен өткізуді ұсынды. Мемлекет басшысының бизнес саласындағы қолданыстағы заңнаманы түгел тексеріп, зерделеу туралы тапсырмасына Қоғамдық палата мүшелерінің назарын аударып, еліміздегі демографиялық үрдістерді тереңірек зерттеу жайын



сөз етті. Бұл ретте осы бағыттағы жұмыстың нәтижесінде кәсіпкерлерге арналған заңнамалық базаны жақсартатын нақты ұсыныстар жасалуы қажет екенін атап өтті.

Палата жұмысының нәтижелеріне тоқталған Мәжіліс Спикері бүгінде Қоғамдық палата кешенді әрі жүйелі жұмыс атқарып жатқанын айтты. Мұнда Мәжіліс қабылдайтын заңдар талқыланып қана қоймай, сонымен қатар олардың жұмыс нәтижелері тәжірибеде тиімді талданады. Ерлан Қошанов кейбір заңдардың іс жүзінде жұмыс істеп, ал кейбіреуі неге қағаз жүзінде қалып қоятынын зерделеуді келесі мәселе ретінде атап өтті. Спикер электр самокатқа қатысты заңды және қалыңға тыйым салуды мысалға келтірді.

— Парадокс деуге болады. Заң бар, бірақ орындалмайды. Ол тек құқықтық емес, әлеуметтік мәселеге де айналып отыр. Тыйымдардың еш еленбейтінін көргенде, жұрттың құқықтық нормаларға деген сенімі азаяды. Сондықтан Қоғамдық палата заңдағы жұмыс істемейтін нормаларды талдаумен айналысқаны орынды болады деп санаймын. Бұл заңнаманың әлсіз тұстарын дер ке-

зінде анықтап, оларды жою шараларын ұсынуға мүмкіндік береді, — деді Мәжіліс Төрағасы.

Талқылау барысында Қоғамдық палата мүшелері де түйткілді тақырыптарды қозғады. «Альтернатива» өзекті зерттеулер орталығының директоры Андрей Чеботарев жергілікті өзін-өзі басқару туралы жеке заң қабылдау, облыс және аудан әкім-

дерінің ықпалының шегін айқындау, саяси партияларды одан әрі дамыту үшін құқықтық жағдай қалыптастыру мәселелерін көтерді.

Аналитик Наталья Малиярчук заң шығару процесінде жүйеліліктің жоқтығын, Мәжіліске түсетін заң жобаларының басым бөлігі жеткілікті деңгейде пысықталмайтынын айтты. Оның пікірінше, бұл жағдай құжаттармен жұмыс жүргізуді қиындатып, сапасына әсер етеді.

Саясаттанушы Данияр Әшімбаев қолданыстағы заңнамаға түзетулер жиі енгізілуіне қатысты пікір білдіріп, нормативтік құқықтық актілерді бастамашылық ету және қабылдау кезеңдерінде барынша мұқият әрі ашық талқылауды ұсынды.

Қоғамдық палата мүшелері Светлана Романовская, Әміржан Қосанов, Марат Шибұтов, Зәуреш Батталова, Алтынай Көбеева, Гүлмира Байғабылова, Ерлан Смайылов, Бөріхан Нұрмұхамедов, Александр Данилов, Айбек Күмісбеков те ұсыныстарын ортаға салды. Мәжіліс Спикері барлық идея мен ұсыныс Палатаның алдағы жұмысында ескерілетінін айтты.

БАҒДАР

4 ҚАЗАН 2025 | СЕНБІ



TAZA QAZAQSTAN ROAD-ЭСТАФЕТАСЫ: ӨҢІРЛЕРГЕ ТАБАН ТІРЕДІ

«AMANAT» партиясы «Жастар Рухы» жастар қанаты ұйымдастырып жатқан дәстүрлі Taza Qazaqstan road-эстафетасына қатысушылар Алматы, Жамбыл облыстары аумағын басып өтіп, Түркістан өңіріне табан тіреді. Акция аясында қоғамда жаңа экологиялық мәдениет қалыптастыру, азаматтардың қоршаған орта алдындағы жауапкершілігін арттыру көзделуде.

Экологиялық бастамаға қатысушылар алдымен Түлкібас ауданына тоқтады. Құрамында депутаттар, партия мүшелері, «Жастар Рухы» жастар қанатының белсенділері бар топқа жергілікті тұрғындар қосылды. Айта кетейік, эстафета бағдарының 400-ге жуық шақырымы Түркістан облысының аумағына тиесілі. Яғни, іс-шара осы облысқа қарасты Түлкібас, Сайрам, Ордабасы, Бәйдібек, Сауран аудандары мен Түркістан қаласында ұйымдастырылады.

Осылайша, эстафета аясында Түлкібас ауданындағы Тұрар Рысқұлов ескерткіші алаңында жергілікті жастар қауымымен кездесу өтті. Жүзден астам жас азамат бас қосқан жиында қоршаған орта адамзат баласының ең қастерлі құндылығы екені айтылды.

«Біз — тәуелсіз елдің ертеңін арқа-лаған жас ұрпақпыз. Сондықтан еліміздің әр бұрышы таза, әрбір көшесі көрікті, әр үйдің ауласы жарық, табиғаты жасыл болып тұруы — біздің қолымызда. Табиғатқа, тарих пен мәдениетке, қоршаған ортаға ұқыпты қарау — тек ересектердің ғана емес, ең алдымен біздің, жалынды жастардың қасиетті парызы. «Таза Қазақстан» — жүрегіміздегі тазалыққа, жауапкершілікке, ісімізді адалдыққа бастайтын жол. Бұл — әрқайсысымыз үшін өмір мәніне айналуға тиіс», — деді «Жастар Рухы» жастар қанатының төрағасы Ақерке Искандерова.

Эстафета әрі қарай Тараздан Шымкентке дейін 200 шақырымға жуық жол жүріп өтті. Бұл жолда күн сайын көлік ағыны толастамайды. Соған байланысты,

жол жиегінде қоқыс та көп жиналып қалады. Эстафета тек аukumды экологиялық қозғалыс емес. Ол «Жасыл күн тәртібі» жолында мемлекеттің, қоғамның және жастардың күш-жігерін қалай біріктіруге болатынының жарқын үлгісіне айналды. Бір күнде акцияның 200-ден астам қатысушысы 30 тоннаға жуық қоқыс жинады. Жалпы, үш күнде рухтасар Жамбыл облысы аумағындағы 6 аудан мен 1 қаланы басып өтіп, 500 шақырым жол жүріп, оның барысында 90 тоннадан астам қоқыс жиналды.

Жиналған қалдықтар арасында пластикалық бөтелкелер, сөмкелер, шыныдан жасалған заттар, орамалар және бірреттік ыдыс-аяқтар бар. Қайта өңдеуге болатын барлық зат бірден сұрыпталды: пластик, қағаз және шыны. Белсенділер атап өткендей, тазалық — тазаланған жерде емес, оған жол берілмеген жерде. Сондықтан эстафетаның міндеті — қоғам назарын экология мәселесіне аудару, жаңа әдеттерді қалыптастыру және қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау мәдениетін орнықтыру.

Жолай экологиялық керуенге жергілікті тұрғындар да қосылды. Көлік жүргізушілері не болып жатқанын білу үшін арнайы тоқтап, кейбіреулері тіпті қолұшын созды. Бұл — нақты іс кез келген сөзден артық екенін көрсетті.

«AMANAT» партиясы тұрғындарды туған жерді түлетуге үлес қосуға және экологиялық эстафетаның белсенді мүшесі болуға шақырады. Біздің таңдау — Таза Қазақстан!

Елнар ЕЛТАЙ

БАҒАЛАНҒАН ЕҢБЕК БАҚЫТ СЫЙЛАЙДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұстаздар күнімен құттықтап, салаға еңбегі сіңген мамандарға Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларын тапсырған болатын. Осыған орай атаулы күннің қарсаңында Президентпен жүздесіп, «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағын алған мұғалімдерге хабарласып, пікірлерін сұраған едік.

Гүлмира ШЕРАЛХАН,
Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы:

ҚОҒАМНЫҢ ҚАНДАЙ БОЛМАҒЫ — ҰСТАЗДАН

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолынан 2025 жылғы «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» наградасын алу маған үлкен бақыт және қуаныш сезімін сыйлады. Ұстаздың мәртебесін заңмен бекіту, әлеуметтік жағдайын жақсарту бағытында бірқатар игі іс атқарылды.

Менің бала күнгі арманым мұғалім болу еді. Жалпы жұмыс өтілім 28 жылды құрайды. Мектеп директорының орынбасары болдым. Шығармашылық топтың мүшесі, қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша мұғалімдік қызметім, «Қазақ тілі» деген анықтамалық құралым, авторлық жеке бағдарламам бар. Мұғалімдікке жол көрсеткен Махамбетәлиева



Зәуре ұстазыма алғысымды білдіремін. Ұстазым республикалық олимпиадалардың жеңімпазы. Өзім республикалық, халықаралық конференцияларда баяндама оқыдым. Сонымен қатар «Ы.Алтынсарин» медалі, «Үздік педагог» байқауының жеңімпазымын.

Мұғалім — қоғамның бет бейнесі. Қоғамның қандай болмағы — ұстаздан. Жарқын болашақтың іргетасын қалайтын да мектеп. Мен өз еңбегімнен ләззат алып, өз ісімнен бақыт тапқан адаммын. Өзім сияқты қыз-келіншектерге айтарым, қызметтің қамымен жүріп, отбасы бақытын тасада қалдыруға болмайды. Мені қолдап-қуаттап жүрген отбасыма ризашылығымды айтамын.

Ұлжан РАЙЫМБЕКОВА,
Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы:

СЕНІМ МЕН ҚҰРМЕТТІҢ КӨРІНІСІ

Ұстаздар күні қарсаңында Мемлекет басшысының қолынан «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» атағын алу мен үшін жүрек толқытқан ерекше сәт болды. Бұл марапат жеке жетістік емес, бүкіл ұстаздар қауымына көрсетілген зор сенім мен құрметтің көрінісі деп білемін.

Президентіміз өз сөзінде адал азамат тәрбиелеу, жасанды интеллект заманында адами құндылықтарды сақтау, «Таза Қазақстан» идеясына үлес қосатын ұрпақ қалыптастыру туралы ерекше атап өтті. Бұл — тікелей мұғалімдердің, біздің қолымыздағы аманат. Себебі ұлттың болашағы мұғалімнің қолында.

Ұстаздық кез келген кәсіптен биік, кез келген мамандықтан бөлек ерекше жол екенін атап өткім келеді. Біз шәкірттің көзіндегі отты сөндірмей, арманын қанаттандыратын жандармыз. Әрбір оқушының жетістігі — ұстаз еңбегінің жемісі. Сондықтан Президенттің құттықтау сөзі — ұстазға берілген баға ғана емес, біздің болашаққа бағытталған еңбегіміздің мойындалуы.

Ұстаз болу — тек сабақ беру емес, жүрек жылуын бөлісу, әр баланың тағ-

дырын сезіну. Біз шәкіртке білім ғана емес, өмірлік құндылықтарды да үйретеміз. Оқушының елжанды азамат болып өсуі — ұстаздың тәлім-тәрбиесіне тікелей байланысты.

Мемлекет тарапынан көрсетілген сенім — бізге шабыт әрі міндет. Бізге артылған сенімді ақтау үшін білім саласында болып жатқан жаңалықтар мен өзгерістерге ілесіп қана қоймай, оны дамытуға үлес қосуымыз қажет. Әлемдік деңгейде ойлайтын, ұлттық болмысты сақтайтын, заманауи технологияны меңгерген шәкірт тәрбиелеу — басты мақсатымыз.

Осы марапат арқылы үлкен жауапкершілік жүгін сезіндім. Ендігі міндет — тек білім беру емес, елге адал, парасатты, жауапты жас ұрпақты тәрбиелеуге бар күшімді салу. Жаңа заман талаптарына сай жанаша ойлайтын, бірақ ұлттық рухы биік шәкірт өсіру — басты борышым.

Осы мерекелі күні мен барлық әріптестерімді құттықтаймын! Сіздердің еңбектеріңіз — елдің ертеңіне қаланған берік іргетас. Ал шәкірттерімізге айтарым, ұстаздарды құрметтеніздер, өйткені ұстаз екінші анаңыздай жан.



НАРЫҚ

4 ҚАЗАН 2025 | СЕНБІ

Елдегі құрылыс ондаған жыл бойы «көлеңкеде» дамыды. Ауылдағы мүлкті заңдастыру, су тасқыны салдарын еңсеру сияқты науқандар кезінде үлкен проблеманың бірі басталды. Себебі бір жер учаскесінде 3-4 үй орналасады: ауыл, тіпті қала тұрғындары отау құрған баласына бақшаға арналған он сотық жерінде үй салып береді. Алайда бұл құрылысқа сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары мекемесінен рұқсат алмайды. Соның салдарынан бір жер теліміндегі үш үйдің тек біреуінің құжаты бар болып шығады. Мемлекет енді бұл тәжірибемен күресуге кіріспек.



ҚҰРЫЛЫС КОДЕКСІ:

ҚЫСЫР СӨЗДЕН ҚАРҚЫНДЫ ҚИМЫЛҒА

КЕМШІЛІКТЕРДІ КОДЕКС ЖОЯ МА?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты биылғы Жолдауында құрылыс саласына жеке тоқталды. Жалпы, құрылыстың цифрландыруға қандай қатысы бар? Бұл сектор да жан-жақты цифрлық өзгерісті бастан кешпек. Сол арқылы бір жағынан, экономиканың осы базалық саласының ашық, айқын болуына, екінші жағынан, қауіпсіз әрі орнықты дамуына қол жеткізу міндеті қойылды.

— Соңғы жылдары қарқынды дамып келе жатқан тұрғын үй құрылысы саласына айрықша назар аударған жөн. Былтыр 19 миллион шаршы метр баспана пайдалануға берілді. Сонымен бірге құрылыс сапасын арттыру үшін жасанды интеллект технологияларының — Building Information Modeling, BIM-нің көмегімен ғимараттарды ақпараттық модельдеу әдісін кеңінен қолдану керек. Үкімет құрылыстың барлық кезеңін толық есепке алуды, жоспарлауды, оған мониторинг жүргізуді қамтамасыз ететін ұлттық цифрлық платформаны іске қосуы қажет, — деді Президент.

Мәжілісте Құрылыс кодексінің жобасы 2023 жылғы желтоқсаннан бері талқылану үстінде. Жылдар бойы жатқан бұл жобаның қабылдануына енді тың серпін берілді: Мемлекет басшысы созбаланға сала бермей, оны 2025 жылдың соңына дейін қабылдауды жүктеді.

Жаңа құжат әртүрлі заң мен НҚА-ларға бытырай жайылған құрылыс нормалары мен ережелерін реттеудің бірыңғай тетігі болып, рәсімдердің ашықтығын қамтамасыз ететін, нарықтың барлық қатысушысының қызметін жеңілдететін жүйеге айналуға тиіс.

«Қала құрылысы кодексі» атты құжатты дайындап, мейлінше жылдам қабылдауды Президент 2022 жылы тапсырған болатын. «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы төрағасының Құрылыс және ТКШ комитетінің төрағасы Ирина Манжанованың мәлімдеуінше, отандық құрылыс бизнесі әу бастан бұл кодекске үлкен үміт артты. Салаға қатысты заңнамада олқылықтар өріп жүр. Оның бәрін жою, нормаларды бір құжатта шоғырландыру, әкімшілік кедергілерді азайту маңызды. Жаңа құжат процестерді нақты жеңілдететін, нарықты барынша болжамды ететін құрал бола алады.



Бүгінде Қазақстанда құрылыс қарқын алды, оны Мемлекет басшысы да атап өтті. Тұрғын үй, коммерциялық мүлік және инфрақұрылым құрылысының көлемі артып барады. Сала ондаған мың маман мен жүздеген компанияны тартып, жұмыспен қамтып отыр. Сондықтан динамиканы құлдыратпай, қайта қолдайтын заманауи және түсінікті «құқықтық негізге», заңнамалық іргетасқа зәру.

«КЕЛІСІП ПІШКЕН ТОН КЕЛТЕ БОЛМАЙДЫ»

Өз кезегінде «Атамекен» өкілдері кодекс жобасының қазіргі редакциясы бизнестің көңіліне алаң салғанын жеткізді. ҰКП Мәжілістен құжатты талқылауға кәсіпкерлік субъектілерін белсенді тартуды сұрады. Олардың пікірін депутаттар мен мемлекеттік органдар міндетті түрде ескеруі керек. Себебі кәсіби қоғамдастықтың ұстанымынша, қазіргі күйде құжат процестерді жеңілдетудің орнына басы артық реттеу тудырады. Соның ішінде кодексте сала субъектілерін лицензиялаудың тиімсіз нормалары, инженерлік-техникалық қызметкерлерді сертификаттаудың күрделі тетіктері, өзін-өзі реттейтін ұйымдар институтын енгізу және басқа да ережелер сақталатыны ерекше мазалап отырған көрінеді.

— Жаңа Құрылыс кодексінің маңызды жоба екені даусыз. Ол саланы болашақта қарқынды дамытудың берік нормативтік іргетасын қабылдайды, алдағы өркендеуге серпін береді. Бірақ солай болуы үшін құжатты мұқият

пысықтау қажет. Президент кодексті жылдамдатып, жыл соңына дейін қабылдауды тапсырды. Уақыт аз қалды. Ал қазіргі редакциясында кәсіби қоғамдастықтың алаңдаушылығын тудыратын ережелер баршылық. Құжат мысалы жобалаушылар мен сараптамалық ұйымдар жұмысының ерекшелігін толыққанды ескермейді. Бұл жеке сараптамалық ұйым санының айтарлықтай қысқаруына соқтыруы мүмкін. Процестерді шектен тыс бюрократиялану қаупі сақталды, — дейді Сарапшылар ұйымдары палатасының төрағасы Бірлік Ережепов.

Бизнестің Жолдауында жариялаған BIM және өзге жасанды интеллект технологияларын жобалау сатысында қолдану бастамасын құптайды. Ұлттық жобалаушылар қауымдастығының президенті Мейірбек Жаманқұлов атап өткендей, бұл — инженерлік шешімдердің дәлдігін арттыруға, процестерді онтайландыруға және құрылыстың барлық кезеңінде тәуекелдерді азайтуға мүмкіндік береді.

Сарапшы Қазақстанда BIM-технологияларды қолдану мәселесі бірнеше жылдан бері сөз болып келе жатқанына, бұл бағытта жаңа бастамалар қолға алынғанына назар аударғанын. Ірі құрылыс компаниялары және жетекші жобалау ұйымдары мұндай ЖИ технологиясын ғимараттарды, тұрғын үй кешендерін жобалауда, құрылыстағы ықтимал қателерді болжауда және шығындарды азайту мақсатында табысты қолданып жүр.

Мысалы, жаңа пәтер алуға барған клиенттер құрылыс компаниясы кенесінде тамашалайтын әдемі постерлерді, таңдай қақтырар видеороликті, ғажайып технологиялық шешімдерді бүгінде ЖИ де жасап береді. Алайда маманның айтуынша, осы технологияларды ауқымды енгізудің бірыңғай жүйелі тәсілі әлі күнге жоқ және бұл жағдай саланың елімізде өркен жаюын тежейді. Президенттің өзінің мәселе етіп қаузауының бір мәнісі осында.

— Ұлттық жобалаушылар қауымдастығы 2020 жылдан бері бірнеше рет зерттеу жүргізді. Оның қорытындысы көрсеткен-

дей, елде BIM-ге деген қызығушылық жыл сайын өсіп келеді. Отандық жобалаушы компаниялар BIM-ді әртүрлі деңгейде қолданып жатыр. Бұл ретте ең көп қолданылатын құрал Revit саналады. Соған қарамастан Қазақстанда BIM-дегі жобалық құжаттамалардың сапасы төмендеу. 3 жыл ішінде мемлекеттік сараптамаға 100-ге жетпейтін көлемде ғана жоба ұсынылды. Оның бәрі бірдей оң қорытынды ала алмады. Яғни, сала дұрыс бағытта ілгерілеп келеді, бірақ әзірге жүйелі жолға қойылған жоқ, — деді Мейірбек Жаманқұлов.

Сарапшының ұстанымынша, Президенттің құрылыс саласына BIM және цифрлық шешімдерді жүйелі енгізу тапсырмасын табысты жүзеге асыру үшін біріншіден, мемлекеттік жүйелерге интеграциялап ұлттық цифрлық платформа құру қажет. Екіншіден, мемлекеттік және инфрақұрылымдық жобаларда BIM-ді міндетті түрде қолдану үшін нормативтік базаны жетілдіру, тиісті талаптар енгізу маңызды. Әйтпесе, бұл сала НҚА деңгейінде жете реттелмеген.

Үшіншіден, осы саладағы кадр тапшылығы мәселесін шешу үшін мамандарды оқыту және біліктілігін арттыру керек. Төртіншіден, бизнеске шамадан тыс ауыртпалық түспеуі, олар бейімделе алуы үшін Құрылыс кодексінде өтпелі кезең белгілеген жөн. Сонда Қазақстан бұл салада халықаралық деңгейде бәсекелесе алады және біздің мамандар ең жоғары стандарттарға сай объектілер жасауға көшеді.

BIM-ТЕХНОЛОГИЯ БӘСЕКЕДЕ ОЗДЫРАДЫ

«Атамекен» ҰКП басқарма төрағасының орынбасары Назира Үсенова мемлекеттік қолдау шараларынсыз сала даму жолында алысқа ұзай алмайтынын ескертті. Сондай-ақ отандық компаниялар үшін шетелдік озық бағдарламалық қамтылым мен жабықтардың бағасын бюджеттен субсидиялап, арзандату, BIM енгізумен айналысатын мамандарды шетелде оқыту ұсынылды. Үсенова BIM енгізу мәселелері 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енетін Құ-

рылыс кодексінің қазіргі жобасында қарастырылмағанын, сондықтан оны заң жүзінде бекіту керектігін атап өтті.

Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Еділ Жаңбыршин салада айқындылықты арттыру қажетін айтқан. Өйткені үлескерлердің қаржысын жинап, тұрғын үй құрылысын бітірмей тайып тұратын алаяқтар көбейіп кетті.

Мұның сыртында үлескерлер асығыс-үсігіс тұрғызылған тұрғын үй кешендерінің сапасыз салынғанына, қабырғалардың жарылатынына, төбеден су ағатынына шағымданады. Себебі қазіргі заңнама бойынша, құрылыс компаниялары өзі салған құрылыс нысанын өзі қабылдап алады және оның сапасы үшін өзі жауап береді. Өзін-өзі ақтамаған бұл ескі тәжірибені тоқтату үшін Құрылыс кодексі жобасында мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органдарының нысандарды пайдалануға қабылдап алуы тәжірибесін қайта оралту көзделген. Бірақ бұған «Атамекен» ұлттық палатасы қарсы. Бизнес орта мұның соны ғимаратты мемлекеттік қабылдап алу актісіне қол қоюы үшін сәулет-қала құрылысы басқармасы шеңберінің пара дәме етуіне соқтырады деп санайды.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингінің еншілес ұйымы — «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» 2025 жылы тұрғын үй құрылысындағы көлеңкелі нарық үлесін бағалаудың қорытындысын шығарды. Зерттеу 19 ірі қаланы, 606 салынып жатқан объектіні қамтыды. Нәтижесі төбе шашты тік тұрғызады: бірнеше өңірде үлескерлік құрылыстағы көлеңкелі схеманың үлесі 100%-ға жеткен.

Зерттеуге жүгінсек, 2025 жылғы тамыздағы жағдай бойынша Қазақстандағы үлестік құрылыста «көлеңкелі» нарықтың жалпы үлесі 62,5%-ды құрады. 2024 жылмен (69,6%) салыстырғанда 7,1%-ға төмендеген. Қазір бой көтеріп жатқан 606 объектінің тек 227-сінде немесе 37,5%-ында әкімдіктің тиісті рұқсаты мен Қазақстан тұрғын үй компаниясының кепілдігі бар. 2024 жылға қарағанда заңды, яғни барлық құжаты толық объекті саны 15,8%-ға өсті: 2025 жылы — 227, 2024 жылы — 196. «Көлеңкелі» объект саны 15,4%-ға азайды: 2025 жылы — 379, 2024 жылы — 448.

«Көлеңкелі» нарықтың ең үлкен үлесі Ақтау, Көкшетау, Қонаев, Петропавл, Тараз, Семей, Түркістан, Орал, Павлодар, Қызылорда қаласы мен Бесағаш ауылында тіркелген — көрсеткіші 100%-ға жетіпті. Бұларда салынып жатқан тұрғын үй кешендерінің бірде-бірі әкімдіктің рұқсатын алмаған, ҚТК кепілдігі де жоқ болып шықты. Өзге өңірлердің жағдайы да онып тұрған жоқ: ең төмен көрсеткіш деген Шымкентте рұқсатсыз салынып жатқан құрылыстың үлесі — 36,9%, Атырау қаласында — 45,5% және Астанада — 50,2%.

Талдау нәтижесіне сілтеме жасай келе, «Қазақстан тұрғын үй компаниясының» басқарма төрағасы Алтай Күздібаевтың айтуынша, саладағы оң динамикаға қарамастан, Қазақстандағы тұрғын үй құрылысында «көлеңкелі» нарықтың үлесі тым жоғары болып қалды. Осы және басқа мәселелер кешенді, жүйелі шешім табуы үшін салалық заңнамаға сауатты әрі жан-жақты реформа керек.

Елдос СЕНБАЙ

МӘСЕЛЕ

4 ҚАЗАН 2025 | СЕНБІ

Еліміз вейп пен электронды темекі өнімдеріне шектеу қойған елдердің қатарына қосылғанына 1 жылдан асып кетті. Заң күшіне енген соң сатушыларға қалған тауарларын сатып, дүкендерін жабуға уақыт берілген еді. Бірақ қазірдің өзінде вейп бизнесі мүлде жоғалды деу қиын.

Арбақты НЕГЕ? ТӘТТІ БУ



Елдар ҚАБА (қолжаз)

А Әсет ҚАЛИ

Polisia.kz порталының деректеріне сүйенсек, вейп сатушылардың біраз бөлігі заңнан тыс әрекетке көшкен. Құқық қорғау органдары айына кем дегенде екі рет ірі көлемдегі тауарларды тәркілеп жатады. Бірақ бұл қолға түскендері ғана. Интернетте әлі де жасырын арналар бар екені айтылып жүр. Әлеуметтік желілер мен мессенджерлер вейп бизнесін көтеріп жатқан мықты құралға айналды.

Қазақстанда электронды темекіге қатысты пікірталас ең алдымен жасөспірімдердің арасында оның кеңінен таралуынан басталды. Мәжіліс депутаттары мектеп пен колледж оқушыларының вейпке әуестігінің күшейгенін бұған дейін ортаға салған болатын.

Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығының деректеріне сүйенсек, екі жыл бұрын әрбір оныншы жасөспірім электронды темекіні тартып көрген. Ал 15-17 жас аралығындағылар арасында қызығушылық екі есе жоғары болған.

Бұл мәселенің өзекті екенін жастардың өздері де растайды. Жастарды зерттеу орталығының 2024 жылғы есебінде көрсетілгендей, сауалнамаға қатысқан жастардың шамамен 15%-ы темекі, вейп, кальян немесе насыбай қолданатынын мойындаған. Ал 8%-дан астамы бұл жайтқа мүлде мән бермейтінін айтқан. Сауалнамаға қатысқандардың 3,8%-ы жағдайды өзгерткісі келетінін жеткізсе, 3,3%-ы алаңдаушылық танытқанымен, еш әрекет жасамайды екен.

Қоғамда темекіге қарағанда вейп, араққа қарағанда сыра қаншалықты зиян деген сұрақтар көп қойылып жатады. Бұл дүниелердің ешқайсының жақсысы жоқ.

Әлеуметтанушы Темірлан Төлеудің ойынша, вейптің жастар арасында көп таралуына бірнеше фактор әсер етеді.

— Әрине, кез келген құбылыстың артында бірнеше әлеуметтік факторды аңғаруға болады. Менің байқағанымша, қоршаған ортаның қысымы (peer pressure): жастардың көпшілігі вейпті алғаш рет достарынан көреді, ортада қалыптасқан сәнді ұстануға тырысады. Жалпы, жас кезде және әсіресе жасөспірім кезде тұлға трендте болғысы келеді, олар үшін бұл өмірлік кезеңде аса маңызды. Ары қарай бұл практика өзін-өзі көрсету де болуы мүмкін (self-identity): вейпті қолдану арқылы жастар өзін «заманауи», «еркін» немесе «креативті» топтарға жатқызуға бейім.

Бұған қоса, темекі өнімдерінің басқа түрлеріне қарағанда вейп нарығы кешірек бақылауға алынды,

бұл оның жастарға тез таралуына әсер етті және бірінші кезекте қолжетімділігіне назар аударғанымыз абзал, — дейді әлеуметтанушы.

Естеріңізде болса, вейпке тыйым салынардың алдында қоғамда үлкен пікірталас болған еді. Бір тарап электронды темекі кәдімгі шылымға қарағанда зияны аз десе, екінші тарап бұған қарсы шықты.

Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сүйенсек, бір жылдың ішінде — 2023 жылдың шілдесінен 2024 жылдың шілдесіне дейін Қазақстанда темекі тұтыну 22,6%-ға өскен. Яғни, күнделікті тұтыну 12,9 миллионнан 15,8 миллион данаға жеткен көрінеді.

— Қоғамда темекіге қарағанда вейп, араққа қарағанда сыра қаншалықты зиян деген сұрақтар көп қойылып жатады. Бұл дүниелердің ешқайсының жақсысы жоқ. Мұндай салыстырулар қоғамның тентектігін көрсетеді. Екеуі де тәуелділік шақыратын, көмір қышқыл газын түзетін, жүйке жүйесінің дұрыс оттегімен қоректенуіне зиянын тигізетін қауіпті заттарға жатады. Зерттемелерге сүйенсек, екеуінің де өзіндік зияндары бар, бірақ пайда жоқ, — деді нарколог Токтар Төлеуханұлы.

ВЕЙП САТҚАННЫҢ ЖАЗАСЫ ҚАНДАЙ?

Қазақстанның Қылмыстық кодексіне арнайы 301-1-бап қосылды. Бұл бап вейп пен оған қатысты тауарлардың айналымына тыйым салады. Егер вейп, сұйықтық немесе хош иістендіргіш сатсаңыз, 200 АЕК көлемінде айыппұл (2025 жылы — 786 мың теңге)

салынады. Сонымен бірге осынша мөлшерде түзеу жұмыстарына, 200 сағатқа дейін қоғамдық жұмысқа немесе 50 тәулікке дейін қамауға алуы мүмкін.

Ал егер бұл өнімдерді елге әкелсеңіз немесе өндірсеніз, айыппұл көлемі он есе артады — 2000 АЕК (2025 жылы — 7,8 миллион теңге). Бұған қоса, 600 сағатқа дейін қоғамдық жұмысқа тарту, екі жылға дейін бас бостандығын шектеу сияқты жазалар қарастырылған. Қылмыстарды қылмыстық топ жасаса, аса ірі көлемдегі кіріс алуды көздейтін немесе бірнеше рет жасалса, кінәлілерге 5000 АЕК (2025 жылы 19,6 миллион теңге) мөлшерінде айыппұл салуға, не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не 1200 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бес жылға дейін бас бостандығынан айыруға, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Дегенмен вейп тарту қылмыс емес. Яғни, сатуды немесе таратуды жоспарламасаңыз, үйіңізде сақтауға тыйым жоқ.

ӨЗГЕ ЕЛДЕГІ АХУАЛ

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, 2023 жылдың соңына қарай 34 ел электронды темекіні сатуға, жарнамалауға және пайдалануға тыйым салған еді. 88 елде вейп сатып алу үшін жас шектеулері жоқ, ал 74 ел бұл өнімдерді сатуды мүлдем реттемеген. Осы жылдың ақпанындағы деректерге сүйенсек, көптеген батыс елдерінде вейпингке тек кәмелетке толмағандарға тыйым салынған екен. Тұтынушылардың көпшілігі оларды еркін сатып ала алады. Ұлыбритания мен Францияның жана-лықтар порталдары өз елдерінде электронды темекі сатуға толық тыйым салуды ұсынатын саясаткерлермен бірнеше мақала жариялаған еді. Бұл мәселе әлі де талқыланды.

Көршілес Қытайда электронды темекі мен ұқсас құрылғыларды жеткізуші елде мұндай өнімдерді ішкі нарықта сатуға тыйым салынған, бірақ экспортқа шығаруға ешқандай шектеулер жоқ. Таиланд пен Түркия вейпингке салынған тыйымдардың орындалуын мұқият қадағалап отыр.

Қазақстанның Орталық Азиядағы және ТМД-дағы көршілерінің арасында Өзбекстан мен Қырғызстан сияқты көптеген ел электронды темекіге тыйым салуды көздеп отыр. Тәжікстан мен Ресей әлі күнге дейін вейптерді сатуға тыйым салған жоқ. Ал Қазақстанның солтүстік көршісінде толық тыйым салу туралы қоғамдық талқылаулар бірнеше жылдан бері жалғасып келгенімен нәтиже жоқ.

P.S.

Қазақстанда вейпке тыйым салынғанымен, жасырын сауда толығымен жойылған жоқ. Заң қатаңдатылып, айыппұлдар мен жазалар енгізілді, алайда жастардың вейпке қызығушылығы әлі де өзекті мәселе болып отыр.

ҚОР ЖЕТСЕ ДЕ, ҚОЛ ЖЕТПЕЙДІ

Биыл Қарағанды қысқа қамдануды ерте бастады. Көмір қоры жеткілікті, қазір аймақта «қара алтынның» саудасы 55 нүктеде жүріп жатыр. Оның 41-і теміржол тұйығында болса, 14-і қойма ішінде орналасқан. Ал жалпы облыс қоймаларындағы қор 29 мың тонна, оның ішінде 11 мың тоннасы Қарағанды қаласының өзінде өндіріледі.

Әдебиет
БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

Қарағанды бойынша бекітілген көмір бағасы бар. «Шұбаркөл» көмірінің тоннасына орташа құны — 19 100 теңге, «Кузнецк» көмірінің тоннасы — 16 500 теңге, ал «Майкүбінікі» — 16 000 теңге шамасында. «Шұбаркөл» көмірі Қарағандының өз басында 15 500–15 800 теңге аралығында саудаға түседі.

Дегенмен баға тұрақсыздығы да байқалады. Қала маңындағы елді мекендерге көмір арзан бағаға жеткізілсе, қашық ауылдарға сәл қымбатқа тасымалданады. Былайша айтқанда, көмірдің бағасына отынның сапасынан гөрі жолдың алыстығы әсер етіп отыр. Көмір бағасының өзгеруіне тасымалдау нүктелерінің қашықтығы да әсер етеді. Мысалға, Нұра, Ақтоғай аудандарына вагон-вагон көмір таситын теміржол тұйығы жоқ.

— Құнның қалыптасуына, ең алдымен, логистика ықпал етеді. Біздің өңір көмір өндірісінде озық технологияларды қолданады. Жылыту маусымы жақындап қалғандықтан әр өндіріс ошағын жіті бақылаудан өткізіп жатырмыз. Баға тұрақтылығы мен халықты отынмен қамтамасыз ету — қатаң бақылауда, — дейді облыстық кәсіпкерлік және индустрия басқармасы басшысының орынбасары Ақдидар Рымбек.

Аймақ тұрғындарына сапалы көмір жеткізіп отырған негізгі қойманың бірі — Пришахтинскідегі «ПСВ86» ЖШС айлағы. Мұнда жыл бойы «Шұбаркөл» көмірі садаланады. Бұл отынның басқа отындардан айырмашылығы — қызуы қатты әрі күлі аз.

Қоймада қазірдің өзінде шамамен 5 мың тонна көмір бар. Бұған қоса, тәулігіне тағы 500 тоннаға жуық жеткізіліп отырады. Құн сайын мұнда облыс аумағының әр түкпірінен жүк көліктері үздіксіз



келіп, кезекпен көмір тиеп әкетіп жатыр.

— Біздің қойма жыл он екі ай жұмыс істейді. Жаз мезгілінде де көмірге сұраныс жоғары. Монша жағып, табыс табатындардың барлығы біздің көмірімізді тұтынады. Біздегі қызу жұмыс енді басталды. Қысқа қамданған халықтың қарасы қалың. Қор жеткілікті. Біз күніне көмір тиелген 100–150 жүк көлігін жөнелтеміз, — дейді қойма басшысы Никита Аносов.

Мұнда аталған көмір 15 800 теңгеден саудаланып жатыр. Былтырғы бағадан сәл жоғары. Қойма басшылығы себебін теміржол тасымалы тарифтерінің өсуінен деп түсіндіреді. Әйтсе де, белгіленген шекті сомадан асқан жоқ.

Аймақ атырабындағы көмір өндірудің өзіндік ерекшелігі бар кәсіпорындардың бірі — «Рапид» ЖШС. Мұнда «қара алтын» ашық әдіспен емес, жерасты тәсілімен алынады. Сол себепті мұндағы көмірдің бағасы да басқаларға қарағанда едәуір жоғары.

— Біздің компания Үкіметпен 2001 жылдан бері келісімшарт негізінде жұмыс істеп келеді. Біз бұрын жабылған шахталардың орнында қайта құрылды. Қазіргі таңда жаңа технологияларды пайдаланып, жерасты әдісімен көмір өндіреміз. Көбіне біздің өнімді «Ақтау» цемент зауыты тұтынады. Сапа бағаға сай, — дейді кәсіпорынбасшысы Андрей Белов.

Бұл көмір — облыс бойынша ең қымбат көмірдің бірі. Тоннасы — 25 мың теңге. Соған қарамастан өз тұтынушылары бар. Қарапайым халықтан гөрі өндіріс орындары мен арнайы мекемелер сатып алады. Әсіресе, апталық пешке ең тиімдісі осы дейді. Дегенмен көмір қоры жеткілікті болғанымен, ауылда көмір қымбат.

— Бізге көмір әкеліп сататындар жеткілікті. Жақында Шұбаркөл көмірінің тоннасын 22 мың теңгеден сатты. Еріксіз алдық. Темір жолдың бойында отырғандықтан бізде сәл арзандау. Алыс ауылдарға қиын. Оларға барғанша бірнеше есе өседі, — дейді Шет ауданына қарасты Жарық кентінің тұрғыны Алмас Жұмаділдә.

Иә, алыстаған саған қымбаттаған көмірге жеткізу құны да қосылады. Абай ауданы Южный кентінің тұрғыны Салтанат Бошанованың сөзінше, екі тонна көмір алу үшін 66 мың теңге жұмсаған. Жеткізушілер топ базаның өзінде баға 19 мыңнан екенін айтыпты. Сонда жай тасымалдап бергені үшін ғана 28 мың теңге алған.

Ауылдағы ағайын қыстан шығудың жолы «көмір түсіру мен малдың жемшөбі» дегенді айтады. Бірақ алғашқысының құны қалта қағып тұрғандай көрінеді.

ЖЕТКІНШЕКТЕР ЖЕТІ РЕЛЬСТІ АТТАП ЖҮР



Аралқұм — Арал ауданы аумағында қоныстанған құм қойнауындағы құтты мекен. Ауылдағы ағайын ежелден қорасын қойға, өрісін малға толтырып, маңдай тер, адал еңбегімен тірлік кешіп келеді. Теміржол торабында орналасқан аталмыш ауылда тұрғылықты халықтың біразы шойын жолды жағалап, осы салада табысты еңбек етіп жүр. Бұдан өзге ауылдық клуб, мектеп, дәрігерлік амбулаторияда жұмыс істейді.

Ербақыт
ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Теміржол демекші, дерекке сәйкес, бұл ауылдық округтің тарихы Кеңес заманында осы аумақтан өткен теміржол желісінің құрылысымен тікелей байланысты. Яғни, сол кезеңде Аралқұм стансасы мен оған қарасты елді мекендер теміржол саласына қызмет ету пункттері ретінде құрылыпты. Содан бері пойыздардың үздіксіз жүру қозғалысын қамтамаыз етіп, теміржол саласындағы

стратегиялық маңызын жоғалтқан емес.

Мәліметке сәйкес, бүгінде ауылда 1300-дің үстінде халық қоныстанған. Қазақстанның транзиттік әлеуетін арттыруға бағытталған аталмыш стансада ата-көсіптің желкенін керіп, сүті мен майын, ірімшігі мен құртын сатып, күнкөріс қамын күйттеп жүргендер қарасы қалың. Бұған күрежол бойында, ауылға кіреберіс тұсында айраны мен сүтін сатып отырған ауыл тұрғындарының көрінісі айқын дәлел.

Дей тұрғанмен, ауылды айналып өтпей, сәл аялдасаңыз, ел

ішінде халықты толғандырған қатпарлы мәселелердің ұшы қылтиып көрініп қалады. Береке мен бірлігі жарасқан алақандай ауылдың сырты бүтін болғанымен, іші түтін күйде тұрғаны аңғарылады. Ауыл халқының базанысы осыны байқатты.

Аудан орталығынан небәрі 40 шақырым қашықтықта қоныстанған алақандай ауылдың ахуалы күн санап төмендеп бара жатқаны тұрғылықты халықты толғандырып тұр. Бұл тұрғыда халық бірінші кезекте жарыққа жарымай отырғанына ашынады. Тұрғындардың пікіріне сәйкес, 230-ға жуық отбасы қоныстанған ауылда кешкілік уақытта электр қуаты күрт төмендеп кетеді.

Соның салдарынан тоңазытқыш сынды түрлі техникалық құрылғылардың істен шығуы қалыпты құбылысқа айналып кеткен. Мұны халық кеңес кезеңінен бермен қарай келе жатқан электр желілерінің ескіруімен байланыстырады. Ал аталмыш мәселе ауыл, аудан әкімдігіне талай айтылғанымен, нәтижелі жұмыс жүргізілмей тұрғанына ашынып отыр. Бұдан өзге ауылдық клуб ғимараты жоқ. Бұл да ауыл өнерпаздарына іс-шараларды өткізуде үлкен қиындық туғызып тұрғанға ұқсайды.

— Бұған дейін ауылымызда шамамен 1940 жылға дейін салынған клуб ғимараты болған. Бірақ бұл нысан тоқырау кезеңінде жекеге сатылып кетті. Алғашында кәсіпкер клуб ғимаратын кәсіптік мақсатта пайдаланды. Яғни, бильярд, наубайхана ретінде жұмыс жасаған еді. Кейіннен мүлде жұмысын тоқтатты. Содан бермен қарай ауылымызда клуб ғимараты салынған жоқ. Соның салдарынан ауыл өнерпаздары іс-шараларды мектептің акт залында өткізуге мәжбүр. Сол сияқты жарыққа қатысты мәселе де жүйкені жұқартып тұр.

Әсіресе, жарықтың қуаты кешкі мезгілде 220-дан 160-қа дейін төмендеп кетеді. Қайбір жылдары осы олқылықты қалпына келтіру мақсатында қосалқы қондырғылар орнату жұмыстары қолға алынғандай болған. Бірақ басталған іс аяқсыз қалып қойды. Күнделікті жарықтың жайын айтумен шаршап отырмыз, — дейді ауылдық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Шайхыслам Ақмамбетов.

Аралқұмдықтарды көгілдір отынмен қамту мәселесі де көптен мазалайды. Бұған дейін ауылға газ тарту жайы жергілікті әкімдік тарапынан уәде етілген көрінеді. Алайда әзірге аталмыш жұмыстар бос уәде, құрғақ сөз күйінде қалып тұрғанын айтады. Тұрғылықты халықтың айтуынша, ауыл іргесінде, шамамен 10 шақырым қашықтықта газ құбыры өтіп жатыр. Соған қарамастан әлі күнге дейін белгісіз себептермен ауылды газдандыру жұмыстары басталмай тұрғанын алға тартады.

Ауыл халқын толғандырған мәселе жалғыз бұл емес. Елді мекенде аралқұмдық балаларды білім нәрімен сусындатып отырған жаңа білім ордасы бар. Іргесі қаланғанына көп уақыт бола қоймаған бұл мектеп заман талабына сай жабдықталып, балалардың сапалы білім алуына толық жағдай жасалған. Бүгінде ауыл мектебінде 285 оқушы білім алады деген ақпар бар. Оқушылардың басым көбі мектепке теміржолдың арғы бетінен катынайды. Осы орайда ауыл балалары сабағына бару үшін жеті рельсті жүріп өтеді. Жеткіншектердің қауіпсіздігіне ешкім кепіл бола алмай отыр.

— Ауыл халқын теміржолдағы жаяу жүргіншілер өткелі көптен бері толғандырып тұр. Негізінен, Аралқұм стансасында бұрыннан екі өткел болатын. Оның бірі ауылдың оңтүстігіне қарай көршілес Қазалы

ауданы аумағына салынған. Ал екіншісі аудан орталығы Арал қаласы жағында орналасқан. Яғни, екі өткелдің бірі Қазалы темір жолына қараса, екіншісі Аралдың Сексеуіл темір жолына тиесілі. Осы орайда түсінікті болу үшін айта кетейін, бұл жерде өткел деп отырғанымыз, ені 1 метрге жетпейтін рельс үстіне ағаштан салынған жаяу жүргіншілер жолы. Аралқұм халқын Арал тұсындағы теміржол өткелінің қазіргі күйі алаңдатады. Себебі, бұл өткел бұған дейін белгілі бір себептермен алынып тасалған. Бұл жайында Сексеуіл кентіндегі теміржол бөлімшесіне талай айтылды. Бірақ нәтиже жоқ. Нақтысы, Сексеуіл тарапынан өткел салуға рұқсат берілмей тұр. Содан бері тұрғындар арғы жақтан бергі бетке өту үшін жеті рельсті аттап өтіп жүр. Әсіресе, ойын балаларының қауіпсіздігіне қорқыныш басым, — дейді бұл жайында ауыл тұрғыны.

Халықтың уәжіне құлақ түрсек, өткелге қатысты өзекті мәселе адам өміріне қауіпті күшейіп тұр. Тіпті бұған дейін теміржол маңында бірнеше қайғылы жағдайлар да болыпты. Жуырда ғана екі жасар баланы шойынжол бойында пойыз қағып, ата-анасы қайғыдан қан жұтып қалыпты. Бұл қайғылы жайтты ауыл халқы қорқынышты түстей еске алады. Қазіргі уақытта оқушылардың теміржолдағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мектеп мұғалімдеріне жүктелген. Яғни, сабақ аяқталған соң ұстаздар тарапынан оқушыларды шойынжолдан өткізу міндеттелсе, арғы беттен ата-аналары тосып алып жүр екен. Дегенмен көптің көкейінде өткел салу ісін жеделдетпесе, бұл түйткіл теміржол бойында талай балғын ғұмырдың қыршынынан қылып кетуіне себеп болмай ма деген үрей басым.

5 ҚАЗАН-ҰСТАЗДАР КҮНІ

4 ҚАЗАН 2025 | СЕНБІ

Елімізде әр сала өкілдерінің кәсіби мерекесі атап өтіледі. Оның ішінде білімнің көзін ашып, еліміздің өркендеуіне үлес қосатын ұстаздардың да күнтізбеде атаулы күні белгіленген. Бұл күн қазан айының алғашқы жексенбісінде дәстүрлі түрде атап өтіліп келген еді. 2023 жылдан бастап мұғалімдердің кәсіби мерекесі 5 қазанға ауысты. Мұндай нақты күннің белгіленуі қоғамда ұстаздардың беделі жоғары екенінің көрінісі болса керек.

Мағжан Жұмабаевтың «Алты Алаштың басы қосылса, төр — мұғалімдікі» деген сөзі бар. Шынында да, білімнің кілтін ашып, ой мен зердені сабақтастыра білетін ардақты ұстаздарға төрден орын беру — құптарлық қадам. Өркениетті елдер қатарына қосылу үшін бәсекеге бейім, жан-жақты тұлға қалыптастыруымыз шарт. Бұл да ұстаздың мойнындағы міндет екені айқын. Сол себепті, бір халықтың өрендерінің сауатты болып өсуіне ықпал ететін мұғалімдердің қоғамдағы абыройы жыл өткен сайын арта түсуде.

ЗАҢҒА ЖАҢА НОРМА КЕРЕК

Оқу-ағарту министрлігінің хабарлауынша, биыл жаңа оқу жылында Қазақстандағы білім беру ұйымдарына 10 мыңнан астам жас маман еңбекке орналасты. Одан бөлек, соңғы бес жылда педагогикалық бағытта білім алушы студенттердің де стипендиясы екі есеге өсіп, 84 мың теңгені құрады. Мұның бәрі қоғамдағы ұстаз мәртебесін өсіруге жасалған қадамның бірі.

Биылғы Республикалық тамыз конференциясында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұстаздардың қоғамдағы орнына ерекше тоқталып, «Педагог мәртебесі туралы» заңға ұстаз құқығын қорғау жөнінде өзгерістер енгізуді ұсынған еді. «Мұғалімнің құқығын қорғау мәселесі әрдайым басты назарда болуға тиіс. Мен сөз басында ұстаздардың өз міндетінен тыс жұмыстардан босатылғанын айттым. Бірақ кейде жергілікті билік өкілдері заң талаптарын өрескел бұзып жатады. Прокуратура органдары мұндай заң бұзушылықтарға тосқауыл қоюы керек. Сондай-ақ балаларға қатысты кез келген жазатайым жағдай үшін де мұғалімді жазалау орынсыз деп санаймын. Мемлекеттің міндеті — мұғалімнің қоғамдағы беделін және мәртебесін мей-

лінше арттыру», деді Президент. Парламент Мәжілісінің Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі Жарқынбек Амантай «Педагог мәртебесі туралы» заңға кейбір норманың енбейінше, қоғамда мұғалім беделі тұрақтамайтынын айтты.

— Бүгінде оқушы қандай да бір жағдайға тап болса, бірден мұғалімді жазғырып шығу дағдыға айналып кетті. Егер оқушының әрекеті мектептен тыс жерде болған жағдайда, оған мұғалім жауап бермейді. Өйткені бұл оның кәсіби қызметіне жаппайды. Алайда бұл заң жүзінде қаралмайды. 2019 жылғы «Ұстаз мәртебесі туралы» заңда бірқатар мәселе қарастырылған, одан кейін де өзгерістер еніп жатты. Ұстаздарға қоғамдық жұмыстарды жүктемеу, сыйақы мен жалақы, демалысы сияқты мәселелер қамтылғанымен, баланың оқу процесінен тыс уақыттағы тәртібіне жауапкершілік жүктелмейді деген норма әлі де кірмей отыр. Сондықтан бұл норманың мұғалім мәртебесі үшін маңызды екенін ескеру керек. Дегенмен, оқушының тәртібіне қатысты профилактикалық, алдын алу мәселесіне, түсіндіру, тәрбиелеу



ТӨР – СЕНІКІ,

көлемі екі есеге өсіп, аттестаттаудың жаңа цифрлық жүйесі мұғалімдердің сапалық құрамын 72%-ға дейін арттырды. Ұстаздардың еңбегін бағалау және оларды ынталандыру мақсатында педагогтарға арналған бірқатар мемлекеттік марапат қарастырылған. Мысалы, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» заңға сәйкес мемлекеттік наградалар, оның ішінде «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағы қалпына келтіріліп, 79 педагогтың адал еңбегі әділ бағаланды.

Жаһандану заманында ұлттық бәсекеге қабілетті болудың көрсеткіші — білім деңгейімен өл-

арқылы жүзеге асып отыр. Жүйеде мұғалімдерге қатысты деректер бірнеше мемлекеттік база арқылы автоматты түрде алынып, қызмет орны, еңбек өтілі, білімі мен жетістіктері бір орталықта жинақталады. Мұндай тәсіл қағазбастылықтан арылтып қана қоймай, аттестацияның әділ әрі ашық өтуіне жол ашты.

ЖАС ПЕДАГОГҚА ЖАҢА ЖОЛ

Адамзат пайда болғалы ең көне мамандықтың бірі де бірегейі — ұстаздық. Әлемдегі ең көне мектеп шамамен 5 мың жыл бұрын ашылған. Месопотамиядағы шумерлер жазу өнерін үйрету үшін мектеп ашып, оқушылар қыш тақтаға жазған. Қай кезеңде болса да, мұғалімдерге сұраныстың жоғары екені мәлім. Өкінішке қарай, жыл өткен сайын мұғалімдерге тапшылық артып барады. ЮНЕСКО ұйымының зерттеуінше, 2030 жылға қарай педагогтардың тең жартысы қызметінен кетіп, бастауыш пен орта мектептерге 44 миллион қосымша мұғалім қажет болады. Мұғалім тапшылығы ғаламдық мәселеге айналуының негізгі себебі — жалақының төмендігі, әсіресе жағдай Африка елдері, Еуропа мен Солтүстік Америкада да ушығып тұр. Ұстаздар үшін жұмақ мекен Финляндия, Сингапур, Дания, Норвегия, Германия, Жаңа Зеландия елінде ме дерсін. Мұнда білім беру мамандары қағазбастылықтан ада, жұмыс уақыты қысқа, шығармашылық еркіндікте өмір сүреді. Ал еліміздегі жағдай қалай?

Enbek.kz электрон еңбек биржасын ақтарып, мұғалімдерге деген сұраныстың артқанына көз жеткіздік, мәселен Оқу-ағарту министрлігі былтыр мектепте мұғалімдердің тапшы екенін жеткізсе, биыл көрсеткіш тағы да өскен. Былтыр қалада — 1745, ауылда — 1810, жалпы саны 3555 бос жұмыс орын болған, ал биыл Enbek.kz мәліметінше, 5417 маман жетіспейтіні белгілі болды. Сұраныс Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Ақтөбе облысында, Алматы және Астана қаласында және солтүстік өңірлерде жоғары. Қарағанды облысында — 430, Шығыс Қазақстан облысында — 402, Алматыда — 412, Ақтөбе облысында — 274, Астанада — 349, Павлодар облысында — 171, Шымкентте — 192, Қызылорда облысында — 30, Жетісу облысында — 107, Түркістан облысында 95 бос жұмыс орны бар. Бұған дейін Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек 2030 жылға қарай 236 мыңнан аса мұғалім тапшы болуы мүмкін деген болжам айтқан. Жыл сайын ұстаздарға сұраныс арта бермек, ал ұстаз дамуына қандай мүмкіндік қарастырылған?

Мемлекет тарапынан жас мұғалімдер мен педагогика мамандарын кәсіби жетілдіруге, қолдауға арналған жобалар мен жұмыстар жоқ емес. Жуырда Оқу-ағарту министрлігі дарынды оқушылар мен мұғалімдерді қолдауға бағытталған жаңа жоба — SMART Daryn ұлттық цифрлық платформасын іске қосты. Бұл платформа оқушыға білікті жат-

Осы орайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тамыз конференциясында да ұстазға ең қажет қолдауды жасады. Ұстазға ең бірінші қолдау — сабақтан өзге уақытта жауапкершілік ата-ананың мойнында болатыны. Бүгінге дейін келеңсіз жайт болса, оған ұстаз жауап беруші еді.

жұмысына көбірек ұстаз жауапты. Бізде бала құқығы қорғалған. Бірақ тәрбие жөнінде ата-ананың да жауапкершілік рөлін арттыру керек деп ойлаймын, — деді депутат Жарқынбек Амантай.

Бүгінде еліміздегі 22 мыңнан астам білім беру ұйымдарында 600 мыңнан астап педагог еңбек етеді. Биылдың өзінде біліктілікті арттыру курстарымен қамту

шенеді. Сондықтан әлемдік білім кеңістігіне кірігіп, білім беру жүйесін халықаралық биікке көтеру кезек күттірмейтін өзекті мәселе. Бұл мәселені шешудің кілті — ұстаздардың қолында. Былтырдан бастап педагогтарды аттестациялау тәртібі де жеңілдетіліп, толықтай цифрлық форматқа көшірілді. Бұл үдеріс алғаш рет «Ұстаз» ұлттық платформасы

5 ҚАЗАН-ҰСТАЗДАР КҮНІ

4 ҚАЗАН 2025 | СЕНБІ

тықтырушыдан тәжірибе, онлайн сапалы білім алуға, зияткерлік жарыстарға дайындалуға мүмкіндік бере алады, ал ұстаздар кәсіби білім-білігін арттырып, оқушылардың шығармашылығын дамытады.

Білім бақшасының бағбандары білім беруден бөлек, балаларды рухани байытып, адамгершілік тәрбие беретін тұлғаның бірі. Сондықтан ұстаз еңбегі шәкірті жеткен барлық жетістіктің негізі болмақ. Астана қаласы әкімдігінің «Балаларға қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» басшысы Дидар Дулатұлы мұғалімнің беделі жоғары екенін негізге алды. Айтуынша, ұстаздар үшін қосымша ынталандыру жүйелері жанартылып, ауылдық жерлерде сабақ беретін, дәптер тексеру, жаңартылған мазмұнды оқытатын мектеп

жастарды тартуға бағытталған маңызды қадам. Жалпы, Қазақстанда ұстаз беделі мемлекет қолға алған жүйелі шаралардың арқасында айтарлықтай нығайды. Алайда оны толық қалпына келтіру үшін тек жалақы мен әлеуметтік қолдау жеткіліксіз, қоғамдағы ұстазға деген ілтипатты да арттыра түсуіміз қажет, — деді ол.

БОЛАШАҚТЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Өткен оқу жылында оқушылар 35 халықаралық олимпиада мен ғылыми байқауға қатысып, 1006 медаль иеленген. Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, 2025 жылы олимпиада жеңімпаздары мен олардың тәлімгеріне 100 миллион теңгеден аса біржолғы сыйақы берілген. Ізденімпаз ұстаздар шәкірт тәрбиелеп, ғылыми жоба, пәндік олимпиа-



береді, кәсіби дамуына, жаңа идеялардың тууына негіз болады. Екіншіден, ұстаз өзінің маман ретіндегі кемшілігін түсініп, түрлі қырын дамыта бастайды. Сол себепті де Нұржігіт ұстаз мүмкіндік болса, байқауларға қатысуды қолға алған дұрыс деп кеңес береді.

— Менің ұғымымда, ұстаз — баланы шабыттандырушы тұлға. Білімнің нәтижелі болуы білім алушыға байланысты. Оқушы шабыттанса, білімнің керегін де түсінеді. Ұстазға қазір жан тыныштығы керек, қоғам жан-жақтан талқыға сала берсе, тыныштық кетсе, білімнің мәні де қалмайды, ұстаздың зейіні басқа жаққа ауып кетеді. Мұғалімнің жай-күйін, әлеуметтік жағдайын ескеріп, қолдау көрсету керек. Осы орайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тамыз конференциясында да ұстазға ең қажет қолдауды жасады. Ұстазға ең бірінші қолдау — сабақтан өзге уақытта жауапкершілік ата-ананың мойнында болатыны. Бүгінге дейін келенсіз жайт болса, оған ұстаз жауап беруші еді. Басшымыз осы мәселенің аражігін ажыратып, ұстаз беделін тағы бір сатыға көтерді, — дейді Н.Аманов.

Сонымен қатар 2023 жылы Мемлекет басшысының тапсырмасымен Оқу-ағарту министрлігі Президенттік Жастар кадрлық резервінің үлгісі бойынша білім берудегі өзгерістер көшбасшыларын іріктеу және даярлау мақсатында «Білім берудегі өзгерістің 1000 көшбасшысы» жобасын пилоттық деңгейде іске қосқан. Жобаның ұстаздар үшін берер мүмкіндігі мол. Байқау талабына сәйкес бес кезеңнен сүрінбей өтіп, жобаны сәтті аяқтаған педагогтар конкурстық рәсімдерсіз басшылық бос орынға тағайындала алады. Былтыр 13796 ұстаз байқауға тіркеліп, 375-і мектеп басшыларының республикалық кадрлық резервіне енген.

Кәсіби мереке білім саласында жүрген мұғалімнің мерейін өсіріп, мәртебесін көтеруге оң ықпал етеді. «Мектептің жаны — мұғалім. Ол қандай болса, мектеп те сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, балалар мектептен терең білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі — білімді, педагогика, әдіснамадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім». Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының осы сөзі қазіргі қоғамдағы ұстаздардың орны мен оларға қойылатын талапты айқын көрсетіп тұр.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Айсұлу СЫЕЗХАН

МҰҒАЛІМ!

мұғалімдеріне қосымша үстемәкылар қарастырылған. Одан бөлек, мұғалімдерге жүктеме де азайтылған.

— Ұстазға деген құрмет — әр халықтың мәдениетінде орныққан асыл дәстүр. Біздің елде де мұғалім мәртебесін арттыруға айрықша көңіл бөлініп келеді. Соңғы жылдары педагог мамандығын таңдауға құлшыныс білдірген жастардың қатары артып отыр. Әрине, бұл жолды кездейсоқ тандайтындар да кездесуі мүмкін. Дегенмен, ұстаздықты шын жүреппен қалап келген талапкерлер үшін талап та күшейді: енді педагогикалық бағытқа түсу үшін Ұлттық бірыңғай тестілеудің шекті балы 75-ке көтерілді. Бұл — салаға білімді де саналы

даға дайындап, оқушы жүлделі орын иеленіп жатса, ұстаз да еңбегіне қарай өңбегін алмақ. Нактылап айтсақ, оқушылар арасындағы халықаралық олимпиадалардың, конкурстардың және спорт жарыстарының жеңімпазын, жүлдегерін дайындаған мұғалімге үш лауазымдық жалақы мөлшерінде біржолғы сыйақы төленеді. Жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың жеңімпазын, жүлдегерін дайындаған мұғалімге «Білім туралы» заңына сәйкес бюджет қаражаты есебінен біржолғы сыйақы беріледі. Бүгінде «Педагог мәртебесі туралы» заңы қабылданғаннан кейін педагогтардың жалақысы жыл сайын 25 пайызға өсті, тәлімгер-

лік, магистр дәрежесі, сынып жетекшілігі, дәптерлерді тексеру үшін қосымша ақылар да беріліп келеді.

Педагогтарды ынталандыруға арналған бұдан өзге де жоба, байқау, марапаттау тұрақты өтіп келеді. Айрықша еңбек еткен ұстаздарға «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» заңына сәйкес мемлекеттік наградалар, оның ішінде «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағы беріледі. Бұл құрметке ие болған ұстаз 1000 айлық есептік көрсеткішпен сыйақы алады. Білім саласындағы тағы бір құрметке ие медаль — «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісі. Төсбелгі 2004 жылдан бастап білім беру жүйесіне еңбегі

сінген, 10 жылдан аса тәжірибесі бар мұғалімдерге беріледі. Елімізде 2012 жылдан бері «Үздік педагог» республикалық байқауы да үзбей өтіп келеді. Конкурс жеңімпаздары «Үздік педагог» атанып қоймай, 1000 айлық есептік көрсеткіш сомасында сыйақы да алады. «Үздік жас мұғалім», «Жыл мұғалімі» сынды байқаулар да қалалық, республикалық деңгейде ұйымдастырылып келеді.

Алматы қаласының «Жыл мұғалімі-2021» байқауының жеңімпазы Нұржігіт Аманов та ұстаздарды қолдауға арналған мүмкіндіктің молын, тек соны тиімді пайдалану керегін сөз етті. Жыл мұғалімі байқаудың бас жүлдесін қанжығаға байлап, 2 бөлмелі пәтер де ұтып алған.

— Ұстаздық жолда жүргеніме 11 жылдан асты. 11 жыл ішінде кәсіби, тұлғалық тұрғыдан дамыдым, себебі ұстаздық бұл өзіндік өзін дамыту, өзіндік өзін бақылауда ұстау деп білемін. Әлі күнге дейін байқауларға қатысып тұрамын. Ұстаз ретінде қай тұсым ақсап келе жатыр, білім саласында қандай өзгеріс, қандай жаңалықтар бар, әріптестерімнен нені үйренуім керек деп үнемі өзіме есеп беріп отырамын. Білім саласында бір жерде тұрып қалу жарамайды. Жыл сайын әртүрлі деңгейдегі ұрпақ келе жатыр, ізденісті қойып, ұрпақ өсіп кете беретін болса, білімдегі ұстанымдарымыз да ескіріп қалады. Сол үшін үнемі өзгеріс керек, — дейді білікті ұстаз.

Маманның ойынша, «Жыл мұғалімі» байқауы — мемлекеттің ұстаздарға деген көзқарасы жоғары екенін көрсетіп, мамандарды жан-жақты жетілдіріп алға жетелеуді, үнемі қолдаудың көрінісі. Ұстаздар арасындағы кәсіби байқаудың артықшылығы көп. Біріншіден, ұстазға шабыт



ЖАҚСЫНЫҢ ЖАРЫ

4 ҚАЗАН 2025 | СЕНБІ

Таласбек Әсемқұлов – сөз бен саздың айнасын қатар ұстаған қаламгер. Оның әр шығармасы қазақ рухының тереңінен тартылған сырлы әуені ұлттық болмыстың көркем кестесі іспеттес. Әдебиет пен күй өнерін тоғыстырған тұлғаның мұрасы – бүгінгі ұрпаққа жол сілтейтін рухани қазына. Әсемқұлов әлемін барша оқырманға паш етіп, насихаттап жүрген бір жан болса, ол – қаламгердің жары, мәдениеттанушы Зира Наурызбаева. Біз бүгін «Жақсының жары» айдарында Зира апаймен тілдескен едік.

– Таласбек ағаның көзі тірісінде екі рет жүздесіп, сұхбат алып едім. Ол кісінің телегей-теңіз білім иесі екенін, өнер мен каламды қатар серік еткен ерекше адам екенін білдік. Ол кісінің жазбалары (көркем шығармалары) оқырманға жақсы таныс. Дегенмен өміріңізді сеніп тапсырған жанның көпшілік біле бермейтін қандай қасиеті сізді айрықша баурап алды?

– Таласбектің 1979-80 жылдары қазақ жырларын талдаған, оның психологиялық мәнін ашатын мақаласын оқыдым. Кезінде оны еш жерге бастыра алмады. Өйткені ол советтік идеологияға қайшы келетін. Мақалада Таласбек аталарымыздан қалған жырларды талдаған екен. Оның психологиялық мәнінде адамның ішіндегі әртүрлі күштің бір-біріне қарым-қатынасы, ежелден-ақ қазақтың өресі биік болғаны көрінеді. Сөйтіп, 80-ші жылдардың басында Таласбек осы мақаласы үшін теперіш көрді. Еш жерге шықпаған сол мақаланы кейін жарыққа шығаруға тырыстым. Қазір ол мақала «Қондыгердің бір-ақ беттік тарихы» кітабында басылған. Негізі, орысша толығымен жазылған, қазақша сол заманда Таласбек тек бір бөлігін ғана «Көне қазақ романдарының эстетикасы» атымен жазып шықты. Тек қана «Қозы Көрпеш-Баян сұлуды» ғана қазақша талдады.

Таласбекпен таныстығым туралы айтсам, 2-3 рет консерваторияда өткен концерттерде кездестік. Жакын араласпадық. «Мен сізді танымаймын да ғой», – дегенімде, ол: «Сен менің шығармашылығымды танысың ғой. Соны қалай білсең, мені солай білгенім», – деген еді. Таласбектің жалғыз ұстанымы болды: «Адам алдауы мүмкін, сөзі алдауы мүмкін, көзі де алдауы мүмкін. Бірақ адамның дауысы ешқашан алдамайды. Дауысын тындап, шын дүниесін ажырата аласың», – деді. Жанағы мақала да шын дүниесін ашқан мақала ғой, өресін, интеллектін, жан-дүниесін ашқан мақала. Соған сеніп қосылдым.

– «Отбасын құрып, шанырақ көтергеннен кейін Таласбекті ешқашан қадағалауға тырысқан емеспін» дейсіз. Ол кісінің еркіндігін шектегіңіз келмеді ме?

– Тойымызды әке-шешемнің досы, математика-физика ғылымының докторы, академик Мейірхан Әбділдин жүргізді. Бұл 1996 жыл болатын. Тойды мейрамханада емес, үйде жасадық. Сонда Мейірхан аға Таласбекке: «Сен Тәттімбеттің күйлерін шер-

теді екенсің, кішкентайымнан соның күйлерін естіп өстім. Қане, шертші», – деді. Таласбек Тәттімбеттің 2-3 күйін шертіп берді. Мейірхан ағаның көңілі босап тындады да, әке-шешеме қарап: «Сендерді құттықтаймын, күйеу-балаларыңыз керемет адам. Мен күй арқылы адамды жақсы танимын. Бұл жай ғана күй орындап жатқан жоқ, ол Тәттімбетті жан-тәнімен түсініп тұр, ондай адам өте мейрімді болып келеді», – деді. Артынша маған қарады да: «Ер адам – түзде, әйел адам – үйде. Сен Таласбекті шектеуге, қадағалауға ешқашан тырыспа. Ол отбасына, жарына адал болады. Ер адам несібесін түзден табады», – деген. Негізі, Таласбек үйде отырып жазғанды жаны қалаған. Үйден шықса, кітапханаға ғана баратын. Алматыдағы Ұлттық кітапханада мен де жұмыс істедім. Қызметкерлерін жақсы танымын. Олар: «Таласбек аға сағаттап кітап оқып отырады», – дейтін еді.

– Таласбек Әсемқұловтың жас кезінде көп диссертация жазып, аудармалар жасап, кітап жазып бергенін айтады. Оның бәрі «тегін» жасалған дүниелер болды ма? Аға неге мұндай дүниелерді көбірек жазды? Әлде тұрмыстық қажеттіліктен туындады ма?

– Қызылордалық жыршы-зерттеуші Берік Жүсіпов Таласбекті аға тұтқан. Оның бірде: «Женгей, консерваторияда, Жазушылар одағында сені жек көретін қанша адам бар, білсеңіз?» – дегені бар. Оған таңғалдым, әрине. «Өйткені Тәке өмір бойы біреулерге көп нәрсе жазып жүрді. Үйленген күні оны тоқтатты. Қаншағылыми, әдеби карьералар осымен үзілді», – деп күлді. Таласбек әрине, оларды тегін жазбады. Бірақ аңқау адам еді, көпшілік жазғанына ақша төлемей алдап кететін. Үйленгеннен кейін алғашқы екі жыл аудармамен айналысты. Осы жылда 10 мың долларға алданды. Ол кезде әжептәуір ақша болатын. Өйткені 90-шы жылдардың басында үйдің бағасы 5 мың долларға түсті. Сөйтіп, ағаң өмір бойы үйсіз қанғыды, ұзақ уақыт жатақханада тұрдық. Аяғым ауыр болғаннан кейін ғана адамдардан алдын ала төлем талап ететін болды. Сонда дос, аға, іні боп жүрген талай адам теріс айналғанын білем.

– «Жұлдыз» журналында жұмыс істеп жүргеніңде сын көп жазды. Кейін кинодраматургияға ауысты. Ол кісі әуелде сыншы болды ма әлде күйшілік дәстүрді жетілдіруді мақсат тұтты ма?



Зира НАУРЫЗБАЕВА,
мәдениеттанушы, қаламгердің жары:

БАЛАЛАРЫНЫҢ ҚАЛАҒАН

Одан кейін киноға ауысуының сыры неде?

– О баста дәрігер болуды армандады. Өйткені Таласбектің ауылы Айғыз Шұбартау ауданына қарайтын. Ол полигонға жақын орналасты. Үлкендердің көбі ядролық полигонның зиянынан ауырып, ем таппаған. «Солардың емін табамын» деп Таласбек медицина институтына түсті, алайда үйрене алмай, 2-курстың соңына қарай оқуын тастады да, әскерге кетті. 1973 жылы Таласбек Байжігіттің күйлерін шерткен жалғыз адам болған. Әскерден оралған соң, Мұхтар Мағауин Таласбектің пластинкасын шығартты, телеарналарға апарды, «Күй бабасы Байжігіт» деген мақала жазды. Сол кезде Еркеғали Рахмадиев консерваторияның ректоры еді. Ол да Байжігіттің ұрпағы, керей. Сөйтіп, Еркеғали ағамыз Таласбекті консерваторияға емтихансыз қабылдаймыз дегенде, атасы тыйым салып, оқытпады. Сонымен, Таласбек консерваторияға оқуға бара алмады. Кейде теорияға баруына болатын еді ғой деп ойлаймын. Сондай абдырап жүрген шағында Мағауин филологияға түсуіне түрткі болды. Оқып жүріп, фольклортанушы болғысы келді. Атасының тәсілімен жырларды талдады. Қысқасы, қазақ ауыз әдебиетінің тарихын зерттегісі келді. Бірақ мақаласын еркін басып шығара алмады. Содан қарапайым дүниелер жазуға тырысты да, көркем әдебиетке ауысты. «Шымдан» хикаяты қазір «Бекторының қазынасына» енді. Бұл XIX ғасырда өмірде болған қыз тағдыры, «Болмашы әңгіме» де өз заманында қыз тағдырына арналған.

«Шымдан» – үлкен хикаят. Ол – ертегі, аңдар патшалығында болған оқиға, шынында аллегориялық хикая. Алғашқы шыққан дүниесі сол еді. Мұхтар Шаханов ағамыз «Жалын» журналын басқарған шағы еді, осы хикаяны журналға басып шығарды. Талас-

бек «Өмір бойы ағама қарыздармын» деп өтті. Таласбектің 2-3 жылда бір шығармасы әрең-әрең басылатын. Ал ол кезде бір күнде бір дүние жазатындай күш-қуаты болған еді. Кей мақаласынан теперіш көргеннен кейін жазбай да кетті. 15 жылдай ештеңе жазбады. 2000 жылдары Мейірхан Ақдәулет ағамыз Ақтөбеден «Алтын орда» газетін ашты. Әлия Бөпежанова апамызбен бірге «Қазақстан романы» байқауын өткізген. Сонда Зейнолла аға (Серікқалиев) қой-

бұл жобаны бастап кетті. Бірақ кино басталмай жатып-ақ сол режиссер бөлінген ақшаны жоқ қылған. Сөйтіп, бір жылдан кейін Досхан ағамыз Әлия апамызбен жаңа жобаға сценарий жазуға кімді тартуға болатынын ақылдасыпты. Әлия апа бірден Таласбекті ұсынған. Кейін екеуі бірлесіп, «Біржан», «Құнанбай», «Тұмар патшайым», «Жезтырнақтың» сценарийін жазды. «Жезтырнақ» Оңтүстік Кореяда халықаралық байқауда жеңіске жетті. Бірақ кино боп түсірілмеді.



май, Таласбекке күнде телефон соғып, «Сенің денгейіңді, өренді білемін. Жазудан көңілің қайтқанын білемін, бірақ сен жаз», – дейтін. Сөйтіп, байқауға «Кәрі күйші» әңгімесін жазды. Ол «Талтүстің» жалғасы. Әлия Бөпежанова апамыз қолдап, жағымды рецензия жазып берді. Осылайша, Таласбек байқауда жүлдегерлердің бірі болып, шығармашылыққа қайтып келді.

Кинодраматургияны Таласбек жас кезінен армандады. Бірақ білім алуға қолы қысқа болғандықтан бара алмады. 80-ші жылдардың басында Төлен Әбдіктің «Он қол» әңгімесін сценарийге айналдырып, режиссерді де тапты. Бірақ режиссер біраз нәрсені өзгертемін дегенде, оған Төлен ағамыз келіспеді. Сондықтан бұл жоба іске аспады. Әлия Бөпежанова апамыз Досхан ағамызбен таныстырды. Ол да «Біржан сал» туралы кино түсіргенді армандаған екен. Тұңғыш баласының да аты – Біржан. 90-шы жылдардың басында атақты режиссермен

– Аға әдеби ортада «ағаларынан» көп теперіш көрген сияқты. «Алғашқы кітабын жарыққа шығару мұң болды» дейсіз. Жалпы сыншы, кинодраматург, күй зерттеушісі, ғалым адам. Бірақ – жалғыз. Жан дүниесін түсінетін, өзін қабылдайтын орта таппады ма?

– Бір кездері әдебиетшілер қауымы Мұхтар Мағауин ағамызды жау көрді. Ал Таласбек оны «ұстазым» деп білген. Сол үшін Мағауинге қолы жетпегендер студент, жас Таласбектің жолын кесті. Таласбек Мағауинді қорғаймын деп мақала жазған, сыншы боламын деп емес. Біраз уақыт әдеби ортадан шеттетілді, қуылды. Кейін Таласбек оның бәрінен шаршап, Мағауиннің емес, Асқар Сүлейменовтің шәкіртімін дейтіні сондықтан. «Кемеңгердің өмірінен бір үзік сыр» атты көлемді мақала жазды. Ал «Мағауин – менің ұстазым емес» дегені – жай ғана реніштен айтылған сөз.

Таласбектің мақалаларының жинағы алтыншы томға шықты.

ЖАҚСЫНЫҢ ЖАРЫ

4 ҚАЗАН 2025 | СЕНБІ

Ол жерде Дидар Амантайды қорғап жазғаны бар. Қазіргі тілмен айтқанда, әдеби ортада Дидарға буллинг жасалды. Жас талантты жазушыны табалағанына шыдап тұра алмады.

Ол қаламды ғана емес, күйшілікті де жанына серік етті. Құрманғазыны жазды, Абылай ханның кеңесшісі болған Байжігіт деген күйшіні зерттеді, Тәттімбетті насихаттады. Сосын казактын рушылдығы да Таласбектің тағдырына әсер етті. Өйткені Таласбек Байжігітті айтып, күйін шертеді. Ол — керей. Керейлер ренжиді. Неге? Таласбек — найман. Бірақ Мағауин жазғандай, керейлерден Байжігіттің

алмағандықтан, бәрін толық сақтап қала алмаған. Бірақ Мағауиннің қолқасымен жазылған күйлер бар. Мысалы, «Алматы» телеарнасының 2-3 хабарына шығып жазғаны да бар. Бүгінде оларды қанша іздесем де, таба алмадым. Содан біраз күй жойылып та кетті. Байжігіттің «Көкейкестісі» болды. Тек Тәттімбеттің ғана «Көкейкестісі» емес, бұл шертпе күйдің ерекшелігі бөлек. Алғаш үйленген кезімізде Байжігіттің «Көкейкестісін» маған жиі шертіп беретін. Кейін Таласбек қайтыс болғаннан кейін, соның бәрін қолға алып, шәкірттерінің көмегімен жинадым. Әсіресе, домбырашы, өнертанушы Рүстем

деп, «Өтүкен» сайтын құрдым. Таласбек интернет әлемінен өте алыс адам болды. Өмірінің соңғы жылында ғана интернетке кіріп, мәтін теруді үйренді. Ілияс Жансүгіровтің жиеншары Фатима Жандосоваға қолқа салып едім, сайтты құруға көмектесті. Сайтқа Таласбектің, өзімнің жазғанымды, марқұм замандасымыз мифология зерттеушісі Серікбол Қондыбайдың кейбір дүниелерін насихаттау үшін салып отырдым. Сиясы кеппеген туындыларын да сайтқа шығарып жүргенімде Таласбек қатты қуанатын еді. Бірақ сайт үшін үкіметтен ешқандай қолдау таппадым. Тек Атырауда Бауыржан Жағыпарұлы

Есейген балаларға ғана үйретті. Екіншіден, Таласбек — қазақ қоғамынан әбден көңілі қалған адам. Тұңғышымыз — қыз бала, оның қабілеті күшті екенін байқап жүргенімен, күйші болғанын қаламады. «Қазақ күй қадірін білмейді, өмір бойы мен сияқты қиналмасын», — деді. Сол үшін балаларына күштеп домбыра үйреткен емес. Сматай Үмбетбаев деген қобызшы дүниеден өткен. Бір кезде сол кісімен дастархандас болғанда, одан «Сматай аға, сіздің күйіңізді, қобызды ұстап қалған шәкіртіңіз бар ма?» — деп сұрағанымда, «Жоқ», — деді. Таласбек оның мықты шәкіртінің бірі — Макпал Жүнісова болды деп айтатын. Макпал Жүнісова А.Жұбанов мектебінде оқыды. Дауысында да қобыздың реңктері бар. Кейін Сматай Үмбетбаевқа да келіп оқыды. Бірақ Сматай аға балаларына үйретпеді. Неге екенін сұрағанымызда: «Үйреткім келмейді. Талай байқауларда мені құлатты. Оған шыдадым. Егер ертең баламды құлатса, оған шыдай алмаймын, жүрегім ауырады», — деп баласының қобызшы болғанын қаламады.

— Таласбек Әсемқұловтың есімін ұмыттырмай, жаңғыртып отыратыныңызды, жыл сайын шығармашылық байқау өткізіп, жастарды марапаттап жүргеніңізді білеміз. Бұл да жарыңызға деген құрметіңіз болар. Дегенмен мұндай іс-шараларды өткізу оңай емес. Қолдау беретін, көмек көрсететін жандар бар ма?

— Әлия Бөпежанова апайымыздың жары Асқар Сүлейменов үшін жасаған дүниелері көп. Ақтаудағы апамыз Бастұлу Қондыбай марқұм інісі Серікбол Қондыбайдың кітаптарын түгел шығартып, он шақты ғылыми, халықаралық конференция өткізіп жүр. Осының бәрін көргеннен кейін мен де бір дүние жасағым келді. Шәкірттерімен бірге Таласбектің 8 томын шығардық. Қазір сол томдарды бөлек кітап қып, шығарып отырмыз. Сол кітапты сатып, одан түскен ақшаға тағы

кер құрбым (аты аталғанын қаламайды) «Өтүкен» қорымызға күйшілер байқауын өткізу үшін қаржылай көмектесіп отырды. Ал қаламгерлер байқауын өзіміз ұйымдастырамыз. Таласбектің шәкірті Ербол Алшынбаймен бірге өткіземіз. Кейін де бірте-бірте көмектесетін адам табылар деген үмітіміз бар. Ал күй жағын ұйымдастырумен Рүстем Нұркенов айналысады. Мадина Омарова сияқты Таласбектің адал шәкірттері, алғашқы жүлде алған Сағадат Ордасова, филолог, жазушы, сыншылар, Таласбектің көзін көрмеген жас филолог-журналистер де жиі көмектесіп жатады.

— Аға қайтқаннан кейін берген бір сұхбатыңызда: «Таласбек соңғы кездері өмірден шаршағанын айта беретін», — деген екенсіз. Дертті жанына батқан соң, осылай дейтін бе еді?

— Бір жағы, дерті әбден жанына батқан. Өйткені 1973 жылы Алматыға келеді. 1976 жылдан бастап үйсіз жүрді. 2000 жылы ғана үй алдық. Таласбекке арналған «Талтүстің» жалғасы іспеттес «Соперница» деген хикаяттың бар. Сол жерде көрсетілгендей, аяғым ауыр болғаннан бастап күн-түн демей, тыным таппай жұмыс істеді. Тұңғышымыз Хадиша екі жасқа келгенде үй алдық. Алматыда үйсіз жүрген кездері денсаулығын құртып алды. Замандастарынан көңілі қалғаны тағы бар. Өмірінің соңғы жылдарында балаларын жетілдіру мен жазу қызығы ғана қалды. Мағжанның да «Дүние абақты ғой саналыға» деген сөзі бар емес пе?!

— Сіз де қаламгердің ең үлкен екі аманаты бар: қызы мен ұлы. Балалармен оңаша қалғанда әкесі туралы жиі сырласасыздар ма?

— Олар менің балаларым немесе сүйген жарымнан тапқан бақытым ғана емес, олар — Таласбек сияқты азаматтың маған қалдырған аманаты. Әкесінен айырылу оларға қиын соқты. Әсіресе, қызыма ауыр болды. Өзі әкесінің қызы еді. Мінезі де, сезімталдығы да айнымаған әкесі. 10 жылдан бері қызым енді ғана ашылып сөйлейді, соның өзінде «Мен ешқашан толық сауықпаймын, бұл мұң менімен мәңгі қалады» деп жабырқап қалады. Ұлым 8 жасында әкесінен айырылды. Таласбектің қырқын өткіземіз деп мейрамханаға барғанымызда Жансүгірдің көңілі көтеріліп, шапқылап жүрді. Сөйтсек, кішкентай баламыз әкесінің бақилыққа кеткенін түсінбей, «Әкем осындай әдемі жерде тұрып жатыр, әкеме қонаққа келдік» деп ойлаған екен. Балаларыма кішкентай кезінен алғыс сезімін егуге тырысып келдім. Өмірлерінде осындай әкесі болғанына Жаратқанға алғыс айту керек деп үйреттім. Әкесінің кітаптарын оқиды, күйлерін тыңдайды. Бірақ арасында әкесі туралы жылы естеліктерді айтып отырамын, өйткені әке бейнесі олар үшін тек трагедиялық тұлға болып қалмасын деймін...

Әңгімелескен
Гүлзина БЕКТАС,
Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

КҮЙШІ БОЛҒАНЫН ЖОҚ

күйлерін шертетін домбырашы болмады.

Таласбек ұзақ уақыт бойы Қытайдан, Моңғолиядан Байжігіттің күйлерін сақтаған адамдар келеді, қосылады деп үміттеніп жүрді. Шынымен, 70-ші жылдары сондай адамдар болды. Олар Таласбекке таспаларды жібереді екен. Таласбек «Ықылас» музейінде істегенде Байжігіттің күйлерін жазып алып, шекарадан асырып, елге жібергендер болыпты. Бірақ оның бәрі Таласбектің қолына жетпеген. Кейбіреулер оны жолдан алып қалады екен. 90-жылдары шекара ашылғанда ол жақта ондай күйді шертетін адам қалмағанына көзі жетті.

Әдеби ортада бәрінен теперіш көрді деп айта алмаймын. Асқар Сүлейменов, Зейнолла Серікқалиев сияқты ағалары қадірін білді ғой. Зейнолла ағамыз кезінде «Талтүс» романын жаздыртуға себепкер болды. Таласбек өмірінің соңында «Рымғали Нұрғалиев ағамыз мені шәкірттікке шақырғанында баруым керек еді. Шәкірттеріне жағдай жасап берді, дер кезінде пәтер алатын едім», — деп өкінгені де бар.

— Аға ұмытылған күйлерді тірілті. Әсіресе, Тәттімбеттің күйлерін зерттеуде айрықша рөл атқарды. Одан бөлек, кімдерді зерттеді? Ол кісі тапқан, қазір көпшілік елеусіз қалдырған кімдер бар?

— Тәттімбеттің күйлері Таласбектен бұрын да шертілді ғой. Әбікен Хасенов, Мағауия Хамзин деген аға буын күйшілер Тәттімбеттің күйлерін сақтады. Ал Таласбек солар сақтамаған кейбір күйлерін алып келді. Байжігіттің 160 күйі бар. Таласбектің атасы оның 90-ға жуық күйін шертті. Таласбек 50 шақты күйін білді, бірақ жаза алмады. Бастысы, Таласбек Байжігітті сақтап қалды, қазақ күй өнерінде 34 күйін сақтады. Өзі «Бір күйдің жоғалғаны — бір адамның өлгенімен пара-пар» деп айтушы еді. Таласбек жас кезінде 90-ға жуық күй жатқа білген, бірақ нота жаза

Нұркеновтің көмегі зор. Екеуміз архивтерге іздеу салып көріп едік, табылмады. XIII ғасырдың күйшісі Кетбұғаның «Ақсақ құлан» деген күйін білеміз. Оны Таласбек атасынан үйренген. Одан басқа, ертеде өмір сүрген Сақбикенің, Қасабайдың, Қызылмойын Қуандықтың, XX ғасырдың басында өмір сүрген Мағжан Жұмабаевтың ұстазы Ақай қажының бір күйін және атасының күйлерін сақтаған. Мағауия Хамзин — Балқаштан шыққан Аққыз деген күйші апамыздың шәкірті. 70 жылдардың соңында күйші Алматыға келгенде Таласбек те Жүсіпбек Елебековтің үйінде отырып, оның әңгіме күйлерін тыңдаған. Сол жерде «Қаршығалы кезім-ай» күйін үйреніп алған.

60-шы жылдардың басында консерваторияның фольклор бөлімінің мамандары ауылға келіп, жазып алған күйлерін таптық. Бұл — «Талтүсте» де бар эпизод. Өкінішке қарай, Қытайда шығарған CD альбомымыз сапасыз болып шықты. Негізі, өткен ғасырдың 50-ші жылдары Таласбектің атасы да білген күйлерін жаздыру үшін Алматыға келген екен. Оны түрмеден шыққан адам деп, ешкім мойындамай, жазып алмаған.

— Таласбек аға көзі тірісінде «Өтүкен» сайтын құрды. Ол сайттың қазіргі халі нешік?

— 2010 жылы Астанаға көшкен жылы «Алтын Орда» жабылып қалды. Таласбек тағы да жазғанын шығару мұң болды. Содан жазғанын емін-еркін жарияласын

деген мықты азамат бар. Өзі — «Байқұтан» деген төбеттерді сақтайтын қоғамдық қордың басшысы. Бір күні хабарласып, қолұшын созатынын айтты. Сонда «Өтүкен» сайтының техникалық платформасы тозғанын түсіндіріп, мың доллар керек екен деп едім, сөзге келмей сол қаражатты аударып салған. «Қазір де қолдайын десем, кәсібім алға тартпай жатыр», — дейді. Одан



Кинодраматургияны Таласбек жас кезінен армандады. Бірақ білім алуға қолы қысқа болғандықтан бара алмады. 80-ші жылдардың басында Төлен Әбдіктің «Оң қол» әңгімесін сценарийге айналдырып, режиссерді де тапты. Бірақ режиссер біраз нәрсені өзгертемін дегенде, оған Төлен ағамыз келіспеді.

басқа ешкімнен қолдау таба алмадым. Таласбектің кітабын ала алмай жүрген жастар сайттан оқысын деп, әлі де жалғастырып жатырмын.

— «Құнанбай» фильмін түсіргенде басы-қасында болды. Сол түсірілімнен кейін ұлы Жансүгірге домбыра сатып әкеліп, «күй үйретем» деген арманы болған екен. Қазір ұлы домбыра шерте ме?

— Таласбек балаларға ешқашан домбыра үйретпеді. Біріншіден, кішкентай балаларға үйретуге жүйкесі шыдамайтын.

кітап шығарып жүрмін. Байқауды ертерек бастадық. Биыл алтыншы рет өтіп отыр.

Одан бөлек, Оразбек атты күйшінің қызы Күлайна Оразбек кезінде әкесіне арнап байқау ұйымдастырған. «Күйшілер, домбырашылар байқауын қалай өткіземіз?» — деп жүргенімде, Күлайнаның әлеуметтік желіге салған әкесінің күйін орындауға арнаған байқау шарттарын көріп қалдым. Мен де солай істеуге болады екен деген ой келді. 2 жылдай онлайн өтті, кейін кәсіп-

ТҰЛҒА

4 ҚАЗАН 2025 | СЕНБІ

МЫҢЖЫЛДЫҚТАР ДАУЫСЫ

Зейнолла Сәніктің өлшеусіз шығармашылық еңбегінің тақырыптары ауқымды, мазмұны тоғыз тарау, тоқсан толғау ұшан-теңіз көсілген кеңістіктей бейне бір әлем. Әсіресе, оқырманның тарихи танымын, ұғым-түсініктерін кемелдендіретін ұлттық құндылықтар мен игіліктер, тағылымдық тәмсілдер, мыңжылдық үздік тәжірибелер, рухани өркендеудің ең негізгі қағидаттары жарқын көрініс тапқан.

Ойымызды әріден бастасак, жазушының «Конфуций және оның ғажайыптары» дейтін еңбегі оның тәржімешілік өнері мен өнегесін толық тануға болады. Өйткені қытай ойшылының данышпандық гибратнамасының түпкі мазмұнын, сипатын, мәнісін біліктілікпен түсіну — ұғындыру үшін қазақтың жыраулық, шешендік болмысын, әдебиетін жан-жақты мінсіз меңгеру керектігін, ұйғыр, қазақ тілдеріндегі аудармаларын мейлінше қадағалау қажеттігін, заманауи қытай тіліндегі нұсқасының рухына лайықты сөйлету екендігін ерекше ыждағаттайды.

Зейнолла Сәнік қытай жұртының ұлы ағартушысы, ойшылы, пірі Конфуций өмірбаянындағы әрі тағылымды, әрі көшбасшылық, әрі жаналықты, әрі әулиелік қырларын әңгімелейді. Ойшыл қытайдың тәлімдік ереже-нұсқауларын тәртіпке бағындырған, яғни үш мың жырды жүйелеп, әдеп-ибаға үйлестіріп, сұрыптаған. 300-дей байырғы ән әуенін ретке түсірген. Оның тарих алдындағы кесек еңбегі осындай. Конфуций ғажайыптарының өзегі — білім, адалдық, әдеп-иба, тәжірибе, кітап оқу, сенім. Оның даналық дәрістері «өзінен бұрынғы үш патшалықты, он екі хандықты қамтыған».

Конфуций ғажайыптарының философиялық, әлеуметтік, көркемдік-сыр-сипаттарының тағдыранықтағыштық, өміртанытқыштық мәнін Зейнолла Сәнік сұңғылалық зердемен кестелеп жеткізген.


XXI ғасырдың 3-ширегін тәмамдауға таянғанда өркениет биігіне жеттік пе десек, бір жағынан, жаһандық геосаясат ушығып, әлемнің әлек-шәлегі шықты, екінші жағынан, республикалық ЖОО жүйесі Болон процесін қабылдап, классикалық білім беру жүйесінен бездік те, кітап оқудан, қалам ұстаудан, көркем жазудан (конспект жасаудан) біржола айырылды. Егер де «Қазақтың хаткерлік тарихынан» атты мақаланы оқысаңыз, ұлт мәдениеті тарихындағы хұсни хат, көркем жазу философиясының орасан мән-мағынасын түсінер



едік. Мұның байтақ дәстүрлі тарихы, көркемдік қисындары, ою-әшекейлері, өлшем-ережелері бар «жауды көркемдеу өнерін үйрететін ғылым» екен. VII-VIII ғасырлардағы Тоныкөк жазуы, Күлтегін жазуы, Майқы бидің 40 рудың таңбасын тасқа ойдырып жазуы, Бетбақ даладағы «Таңбалы тас» жазуы, бәсіре бұйымдарға, ыдыс-аяқтарға, әсемдік мүліктерге түсірілген таңбалар — ұлы бабаларымыздың дүниетанымын, көзқарасын, нанымын, тұрмыс-тіршілігін, шеберлігін танытады. Мұны келістіре жазғандар бітікшілер, абыздар, бақсылар. Солардың атактысы тегі қанлы ақын, әдебиетші, саятшы Сәрсен (1295-1345) екен. З.Сәніктің көрсетуінше, «Юань тарихында» аты жазылған қанлы Сәрсен (Зысан) орда білгірі, уәзірі, тарихшысы һәм әдеби хатшы қызметін атқарған. «Зысан (Сәрсен) күніне мың әріп жазған соң тамактанатын... Оның жазуы көк тіреген семсердей айбатпен кемпіркосақтай көтерілетін» дейтін тарихи сөз қалған.

Хұсни хат шеберінің «Көрікті жазудың 9 түрлі шарты» деген еңбегінде мынадай пайымдаулар тізілген: 1) қалам және оның ұшы таза жүннен біркелкі жасалып, жұмсақ серпінді, 18 см аспауға тиіс; 2) сандықта сақталған қағаз; 3) сия сауыт; 4) таза су; 5) сияны керегінше езу дұрыс; 6) қол және білезік буынын жеткілікті шынықтыру; 7) рухи күй, жан қуаты, ыждағатты зейін; 8) Жарығы мол жайлы орын. Тоғызыншысы жазылмай қалған.

Автор қазақ халқы араб жазуын XIV-XV ғасырларда қолдана бастаған деп жазады. Алдымен, қыпшақ ұлысын билеген Орыс ханнан бастап Әз Жәнібек пен Ахмет Керей есімдері тасқа қашалып түсірілген. Сонымен қатар «Қыпшақ, найман, алшын, арғын, қаракесек, үйсін, табын Илаһи Қаррасикаһа-миша Хаярахымет қыл сен алтауын (О, Ием, үмітіңе жету үшін осы



Алтай, Күнлүн) мен бес өзеннің бойы (Мағжанда бес ұлы су) барша түркі ұлыс-тайпаларының алтын бесігі. Мұны қытай ғұламасы, Ұлы дала мәдениеті тарихының білгірі Су Бихай да дәлелдеп жазған. Себебі, бұл жерден XXIII-XXV ғасыр бұрынғы бағалы археологиялық ескерткіштер (мысалы, мыс айна, алтын жүзік, күміс көзе) мен 10 мыңдай үйсін молалары табылған.

Сак шеберлері Боғда көлі бойында жартастарға аң-құстардың, хайуанаттардың, өсімдіктердің суреттерін нәшіне келтіріп түсірген. Автор «Сақ ана» турасында қызықты ой өрбітіп, мәтінін сөйлеткен. Ұлы бабаларымыздың наным-сенімін, яки айға, күнге, отқа, суға табынғанын, бұғыны пір тұтқанын, ежелгі этностардың таңбаларын әңгімелеген.

Қытай жылнамаларындағы «Ғұн баянына» зейін қояйық: «Ғұнның барлық ағаман-ақсақалдары жана жылдың (наурыздың) алғашқы күндерінде Төңір-құттың ордасында шағын мәжіліс құрып, құрбандық шалады. Мамырда Ұлубалықта бас қосып, ата-аналарының аруағына, жер-көкке, иескілерге арнап, үлкен шек береді. Күзге салым, жылқы қонданған кезде тасаттық орманында өтетін ұлы жиында мал мен жанның санағы және соған қарай алынатын алым-салық мөлшері есептеледі... Төңірқұт өр таңда ордасынан шығып, көтеріліп келе жатқан күнге, түнде айға тәу етеді... Өлген адамды қос қанат табытқа салып жерлейді. Мүрдемен бірге алтын-күміс, киім-кешек көмеді... Төңірқұт төленгіттері мен құмаларынан ондаған немесе жүз шақты көр жолдасы бірге көміледі. Жорықта аспан шырақтарына қарап әрекеттенеді, ай толғанда шабуылға өтіп, ай қорғалағанда шегінеді», — делінген. («Қытай тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер», I том, 80-81 бб.). Қытай ғалымы Жаң Чи-ау өзінің: «Алтай мен Еренқабырғаның солтүстігіндегі сақтар мен Һұндардың мәдениетіне шолу» деген мақаласында осы өңірден табылған мыс қазандарды Баркөлден, Қазақстанның Іле өңірінен табылған қазандармен біртүрде жатқызуға болады дейтін тұжырым жасаған.

Руханият жанашыры З.Сәнік халық фольклоры үлгілерін ыждағатпен жинаушылардың, шежірешілердің, әңгімешілердің ұлы еңбегін ескере отырып, олардың «108 қисса-дастан, 286 аңыз-ертегі, 170-ке тарта үлкенді-кішілі айтыс, 220-ға тарта тұрмыс-салт жырлары, 100-ден артық этнографиялық еңбек, 158 мақала, 90-ға тарта балалар жыры, 400-ден артық күлдіргілер мен шешендік сөздер, 300-ден астам басқа жыр, 20-ға тарта халықтық ән-күй жариялағанын» қадап айтады. Мысалы, атакты шежіреші, қиссашы Бейсенғали Садықанұлы (1911-2001) «Халық мұраларын жинаудың бүкілқытайлық үлгісі» дейтін мәртебелі атаққа ие болған.

16 томдық «Иуан хандығы дәуірі» тарихындағы Найман хандығының жазу мәдениеті, қала мәдениеті, жер-су атаулары жайында-

ғы мәліметтерді ғылыми айналымға енгізеді. Сондай-ақ Абылай ханның Зиянлун патшаға жазған хатында «Ташкент пен Тарбағатай қазақ жері» еді дегенін келтіреді.

Деректанушы З.Сәнік ежелгі қытай жазбаларында хатталған қанлы, қыпшақ, дулат тайпаларынан шыққан сөз зергерлерін атайды. Сонымен қатар «Оғызнама» эпосы, «Қорқыт Ата кітабы», Махмұт Қашқаридің «Түркі тілдерінің сөздігі» Құтыптың «Хұсырау уа Шырыны», Сайф Сарайдың «Түркі тіліндегі Ғұлстаны», Ахмет Хорезмидің «Махаббатнамасы», Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи Рашиди» мен «Жаһаннамасы» жөнінде тебіренеді. «Кодекс — Куманикус» 1303 жылы Қара теңіз бойын мекендеген қыпшақтардан жазылып алынған. Басты тақырыптары — аспан әлемі, табиғат құбылыстары, сауда, іскерлік мәселесі, есеп-қисап. Екінші бөлімінде аңыздар, жұмбақтар, өсиеттер, накыл сөздер, діни уағыздар. Ұлт тіліне қатысты азық, балықшы, айран, ақшам, алма, балта, болмыс, асыл, көрік, ала, аз, бұғана, бұтақ, көбелек тәрізді 2 940-қа жуық сөздің дені қазіргі қазақ тілінде айна-қатесіз қолданылады» деп жазады.

Мыңжылдықтардың жаңағырығын ғылыми сарабалдықпен тірілту, білгірлікпен сөйлету, сыр шерту — Зейнолла Сәніктің «Монғолдың құпия шежіресін» тарихи-филологиялық тұрғыдан зерделеуінен тануға болады. Ол «Құпия шежіренің» тағымдық, тағылымдық, тапқырлық, даналық әлемі мен тарихи-мәдени құндылықтарын әділ таразылайды. «Құпия шежіре» турасында 700-дей зерттеу жазылған. Мұнда «500-дей кейіпкер есімдері, 300-дей жер-су атаулары, 100-ден астам ұлыс-ұлт аттары, 50-дей қала, кент аттары, жүзден аса қосалқы есімдер аталады екен». (Мағауия Сұлтанайұлы) З.Сәнік «Құпия шежіренің» тілі туралы ой толғағанда, монғол-қазақ тілдерінің салыстырмалы сөздігін құрастырған Базылқан Бұқанұлының зерттеуіне жүгінеді. Сонда монғол-қазақ тілдерінің 60% түбірлес екен. Қазіргі қазақ тілінде 700-ден астам сөз өзгеріссіз қолданылады.

Монғол оқымыстысы Рынчын Баямбаев: «Монғолдың сөздік қоры бір миллион. Ал қазақтың тілін жетік білген адам бір миллиард кісімен түсінісе алады» депті. Бұл пікірдің жаны бар. Себебі Ахмет Байтұрсынұлы: «Еділден бастап Ертіске дейін, Оралдан бастап Ауғанға шейін қазаққа тіл де, емле де бір; «XX ғасырға шейін түріктің тілін аздырмай алып келген тіл тұрғысындағы абырой мен алғыс қазаққа тиісті» дегенінде қазақ тілінде сөйлейтін халықтың мекен еткен территориясы (тағы да өзге де ұлттармен қарым-қатынасы бар) нақты көрсетілген.

З.Сәніктің «Дала мәдениеті — Еуразия мәдениетінің алтын тұғыры» атты ғылыми-шығармашылық сипаттағы еңбегінде ұлт тарихына қатысты шынайы дерек-көздердің логикалық мазмұнын, тарихи шарттарын, мәтін мәнісін мұқият ескере отырып, тарихи сана-зердемізді, ата дәстүрімізді, отанымыздық, қаһармандық рухымызды паш етеді.

Серік НЕГИМОВ, филология ғылымдарының докторы, профессор

ПАРАСАТ

4 ҚАЗАН 2025 | СЕНБІ


2025 жылдың 10 тамызында Абайдың туғанына 180 жыл толуына орай Семей қаласына жасаған сапарымда, есімі жергілікті университетке берілген көрнекті қазақ ойшылы Шәкәрімнің еңбектерін жақынырақ білудің мүмкіндігі туды. Осы сапар аясында Анкара әлеуметтік ғылымдар университеті мен Шәкәрім университеті арасында академиялық ынтымақтастық жөніндегі келісімге қол қойылып, сондай-ақ Шәкәрімге арналған музейді аралап, оның идеялық жолын жалғастырған қазақ ойы, мәдениеті, өнері мен әдебиетіне қатысты құнды жәдігерлермен таныстым.

Абайдың шәкірті әрі немере інісі Шәкәрім — ақын, ойшыл, тарихшы, аудармашы және сазгер ретінде танылған ерекше тұлға. XX ғасырдың басындағы жаңғыру, ұлттық ояну мен саяси дүрбелеңдер кезеңінде ол ар-ұждан, еңбек пен хақиқатқа негізделген тұтас ой жүйесін қалыптастырды. «Үш анық» атты еңбегі мен өзге де шығармаларында «ар ілімін», еңбек этикасын, сондай-ақ дін, ақыл және ғылым арасындағы үйлесімділікті жүйелі түрде негіздеп көрсетті. Алайда 1931 жылы Шәкәрім сот үкімінсіз атылып, оның шығармаларына 1980 жылдардың соңына дейін ресми түрде тыйым салынды. Бүгінде Шәкәрім есімі университеттерге, ескерткіштерге, ғылыми еңбектер мен басылымдарға арқау болып, қазақ руханияты мен мәдениетінің іргетасын қалаған ірі ойшылдар қатарында құрметпен аталады.

ШӘКӘРІМНІҢ ӨМІР ЖОЛЫ МЕН ТАРИХИ КОНТЕКСТІ

Жастайынан Абайдың маңайына жақын жүріп, поэзия, музыка, философия мен тарихқа ден қоя бастаған Шәкәрім тілге бейімдігі мен терең ойлау қабілетінің арқасында Шығыс классиктері — Хафиз, Физули, Науаи сынды шайырлардың еңбектерін, сондай-ақ Батыс әдебиетінің көрнекті өкілдері — Пушкин мен Толстойдың шығармаларын оқып, зерделеген. 1903 жылы Ресей География қоғамының Батыс Сібір бөлімшесіне мүше болып қабылданады. Ал 1906 жылы қасиетті қажылық сапарына барып, бұл сапарында Мысыр мен Ыстанбұл қалаларындағы кітапханаларда ғылыми ізденістер жүргізіп, шығыстық және батыстық ой-ағымдармен тереңірек танысады.

1910-1920 жылдары Шәкәрім Құдайбердіұлы ұлттық жаңғыру идеяларын алға тартқан Алаш зиялыларымен рухани байланыста болды. Ол кеңестік жүйенің далалық өмір салтын түбірімен өзгертуге бағытталған саясаттарына сын көзбен қарап, бұл өзгерістердің ұлттық болмысқа төндіретін қаупін терең сезінді. Осыған орай 1922 жылдан бастап



ҰЛТ ҰЖДАНЫ болған ҰЛЫ ойшыл

Шыңғыстаудың баурайына оңаша кетіп, шығармашылыққа ден қойып, рухани тұтастық пен ар-ождан тазалығын сақтау жолын таңдады. Алайда бұл таңдау да оны ажалдан арашалай алмады. 1931 жылы 2 қазанда ешбір сот үкімінсіз, әділетсіз түрде атып өлтірілді.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫНДАҒЫ ІЗГІЛІК

Шәкәрімнің шығармашылық мұрасы — жанрлық әрі мазмұндық тұрғыда аса бай. Лирикалық өлеңдерімен қатар, ол «Қалқаман—Мамыр», «Еңлік—Кебек», «Нартайлақ пен Айсұлу» сынды көлемді поэмаларында қазақ тарихы мен қоғамдық жадты көркемдік драма арқылы бейнелейді. Бұл шығармаларда тарихи оқиғалар мен әлеуметтік қақтығыстар адамгершілік пен махаббат, намыс пен әділет секілді тақырыптармен үйлесім табады. Шәкәрімнің музыкаға бейімділігі мен сазгерлік дарыны да оның шығармашылығында елеулі орын алады. Ол жазған өлеңдеріне өзі ән шығарып, күй де тартып, поэзиясын музыкамен сабақтастырған. «Қазақ айнасы» мен шежірелік жазбалары арқылы ол халықтың шығу тегі мен мінез-құлқын тарихи сана негізінде талдайды. Бұл еңбектер ұлттың болмысын ұғынуға бағытталған терең зерделеудің нәтижесі.

Ойшылдың философиялық дүниетанымының шырқау биігі — «Үш анық». Бұл еңбегінде Шәкәрім адамның кемел өмір сүруі-

рін, Хафиз бен Физулидің ғазалдарын, сондай-ақ «Ләйлі—Мәжнүн» желісіндегі әйгілі шығарманы түпнұсқаға адалдықпен, «мағынаның әдебін» сақтай отырып тәржімалаған. Бұл аудармалар оның орыс, парсы, араб және түрік тілдерін терең меңгергенін әрі көркем сөздің мәнін жеткізудегі биік шеберлігін көрсетеді.

Ойшылдың көзқарасында еңбек — білім — адамгершілік ұштағаны — адамның рухани кемелденуінің іргетасы. Оның атакты «адал еңбек, таза ұждан, шын жүрек» тұжырымдамасы жеке тұлғаның ішкі тыныштығы мен қоғамдық тәртіптің негізін құрайтын нормативтік құндылық ядросы ретінде бағаланады. Бұл — қазақ ой жүйесіндегі тағдыршылдыққа қарсы, белсенді әрі жауапты тұлғаны тәрбиелеуге бағытталған жанаша үндеу.

Сондай-ақ Шәкәрімнің дүниетанымында Мәтуриди тамыры айқын сезіледі. Ол Ханафи—Мәтуриди бағытына тән ақыл мен иманның теңгерімін сақтап, діни сенімді ақыл-оймен ұштастырады. Сенім мен ізденісті бір-бірін жокқа шығаратын емес, өзара кепілдік беретін рухани негіздер ретінде қарастырды.

Шәкәрім діни-ахлақтық тәжірибе мен заманауи ғылыми ойлау жүйелерін бір-біріне қарсы қоймай, керісінше, толық адам концепциясы аясында оларды үйлестіруге тырысты. Ол Дарвин мен Руссо секілді батыс ойшылдарымен пікір алмасып, Платон мен Архимедке оң баға береді. Осы арқылы даналық пен ғылымның үндестігін мақсат етеді.

СОПЫЛЫҚ ҚЫРЫ: ЖҮРЕК — АР — СЕЗІМ

Шәкәрімнің дүниетанымында сопылық рух ерекше орын алған. Ол жүрек, ар (ұждан) және ішкі сезімді — адам болмысының тірегі, рухани дамуының өзегі ретінде қарастырды. Ойшыл үшін шынайы таным тек ақылмен емес, жүрек арқылы

болмысының тереңіне үңілудің, мән мен мағына іздеудің жолы. Ол сыртқы діншілдікке емес, жүректегі тазалыққа мән берді. Зікір мен рәсімнен гөрі мінез тәрбиесі мен ұжданның үніне ден қойды.

Шәкәрім Қожа Ахмет Ясауи ықпалы айқын аңғарылатын Орталық Азия тасаууының дәстүрінен нәр алған. Оның сопылық көзқарасында бірқатар ерекшелік айқын көрінеді. Атап айтқанда, зікірдің орнына — зерделі-имани мұрақабаға (яғни, өзін бақылау мен ішкі байыптау) басымдық беріледі, тарихаттағы сыртқы рәсімдерден гөрі мінез тәрбиесі мен жан тазалығы алдыңғы орынға шығады. «Дін — ғылым — ар» ұштағанында — жүрек шындығы мен ұждан үні танымның ажырамас бөлігіне айналады.

Қазіргі ғылыми еңбектерде бұл көзқарас «зәһири (сыртқы) ақыл» мен «жүректегі танымды» өзара байланыстыра отырып, қазақы философиялық ойлау жүйесін халықаралық деңгейдегі философиялық диалогке жақындатқан тұжырым ретінде бағаланады.

Шәкәрім «Ар ілімі» мен «Үш анық» секілді ұғымдар арқылы Абайдың көбіне өлең мен афоризм түрінде берілген хикметті ойларын философиялық жүйелеу деңгейіне көтереді. Бұл — оның дүниетанымындағы жүйелілік пен танымдық тереңдіктің айғағы.

Сонымен қатар Шәкәрімнің «Мұсылмандық шарты» атты еңбегі — халыққа діни білім беруге арналған, иман, шариғат және ахлақ мәселелерін жеңіл тілмен түсіндіретін практикалық-дидактикалық құрал ретінде бағаланады.

Шәкәрім — Алаш қозғалысының идеяларына рухани және дүниетанымдық тұрғыдан жақын, ұлттық жаңғыру мұраттарын бөліскен қайраткер. Дегенмен ол кеңестік әлеуметтік инженерия саясатына сын көзбен қарап, дала тіршілігінің дәстүрлі құндылықтарын қорғауға ерекше мән берді. Оның бұл ұстанымы жаңғыру үдерісіндегі парасатты сақтық пен адамгершілік негіздерден айнамай реформалау ниетін көрсетеді.

Шәкәрім поэзияның көркемдігін, философияның жүйелілігін және сопылықтың тереңдігін біріктіре отырып, «ар-ұжданға негізделген жаңғыру» идеясын ұсынды. Оның «Үш анық» атты еңбегінде түйінделген адал еңбек, таза ұждан, шынайы жүрек ұстанымдары — жеке тұлғаның кемелденуі мен қоғамның тұрақтылығы үшін моральдық конституция іспетті.

Шәкәрім шығармашылығында түркі халықтарының бірлігіне деген көзқарас та көрініс тапқан. Абайдан алған дана тілді жүйелеп, қазақ ойы мен руханиятын әлемдік философиялық кеңістікке алып шықты. Саяси қуғын-сүргіннен уақытша үнсіз қалса да, бүгінгі Қазақстанда жаңа өркениеттік негіздің рухани тірегіне айналып отыр.

**Мұса Қазым Арыжан,
Түркия Жазушылар одағының
төрағасы, профессор**



Жастайынан Абайдың маңайына жақын жүріп, поэзия, музыка, философия мен тарихқа ден қоя бастаған Шәкәрім тілге бейімдігі мен терең ойлау қабілетінің арқасында Шығыс классиктері — Хафиз, Физули, Науаи сынды шайырлардың еңбектерін, сондай-ақ Батыс әдебиетінің көрнекті өкілдері — Пушкин мен Толстойдың шығармаларын оқып, зерделеген.

мазмұны мен құрылымы жағынан философиялық трактатқа жатады.

«Мұсылмандық шарты» — түркі-қазақ әлемінде сенім (ақида), құқық (фикһ) және адамгершілік (ахлақ) мәселелерін қарапайым әрі түсінікті тілмен жүйелеп жазған алғашқы діни-этикалық еңбектердің бірі. Бұл кітаптың саяси және әлеуметтік ықпалы жөнінде қазіргі академиялық еңбектерде терең зерттеулер жүргізілуде.

Абайдың көркем аударма мектебін жалғастыра отырып, Шәкәрім Пушкиннің «Дубровский» мен «Қар бораны» повесте-

сезініп, армен өлшенуі тиіс. Бұл көзқарас сопылықтағы «жүрек көзімен көру», «ішкі әлем арқылы тану» қағидаларымен үндеседі.

Шәкәрім Алланы сүюді адамды сүюмен қатар қойды. Оның дін туралы ұстанымы моральдық биіктікке, адамгершілік тазалыққа негізделген. «Үш анық» еңбегінде ол ар-ождан мен жүректің үндестігін нағыз ақиқатқа жетудің жолы ретінде көрсетеді. Бұл тұжырым дінді сыртқы рәсімдермен шектемей, ішкі рухани шындықты іздеуге бағытталған сопылық дәстүрмен сабақтас.

Шәкәрім үшін сопылық — рухани кемелдікке жетудің, адам

ҚОҒАМ

4 ҚАЗАН 2025 | СЕНБІ

ИНДУСТРИЯЛЫҚ СЕРПІН: АҚТӨБЕНІҢ ЖАҢА ТЫНЫСЫ



Ақтөбе облысы – еліміздің ірі өнеркәсіптік өңірлерінің бірі. Облыста тау-кен өндірісі, химия, машина жасау салалары қарқынды дамып келеді. Аймақ минералдарға өте бай, мұнда көмір, газ, мұнай, әктас, күміс, мырыш және басқа да металдардың мол қоры бар. Өңір бюджетін қалыптастыруда ауыл шаруашылығының да үлесі мол.

Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

Бұл өңір еліміздегі ең инвестициялық тартымды аймақтардың бірі саналады. Облыс әкімі Асхат Шахаров алдағы уақытта инвестиция тарту мәселесіне басты назар аударылатынын жеткізді. Оның айтуынша, өңірде инвестиция көлемін шамамен 1,5 триллион теңгеге жеткізу көзделген.

«Біз былтыр 106,3 пайыз экономикалық өсімге қол жеткіздік,

бұл орташа республикалық көрсеткіштен жоғары. Жолдар мен инфрақұрылымның жағдайын жақсарттық, тұрғын үй құрылысының мүмкіндіктерін кеңейттік. Осы жылы ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруды және халықтың өмір сүру сапасын арттыру үшін әлеуметтік саланы дамытуды жалғастырамыз. Биыл кем дегенде 7 пайыз деңгейінде экономикалық өсуді қамтамасыз етуді жоспарлап отырмыз. Өнеркәсіпте өндіріс көлемі – 2,7 трил-

лион, ал инвестициялар мөлшері шамамен 1,5 триллион теңгеге жетеді деп күтілуде. Ал нормативтік жағдайдағы автожолдардың үлесін 82 пайызға жеткізу үшін биыл 60 миллиард теңгеге 156 жол жобасы іске асырылады. Инженерлік инфрақұрылым бөлігінде біз 3 мыңнан астам халқы бар 10 ауылда ауысу мәселесін толығымен шеше отырып, сумен жабдықтауды жүргізуді жоспарлап отырмыз. Газдандыру саласында 9,8 мыңға жуық адам тұратын 24 ауыл қамтылады. Сондай-ақ биыл облыста бір миллион шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарлануда. Біз өңірде тіршілікке қолайлы жағдай жасау және орнықты даму үшін барлық бағыт бойынша жүйелі жұмысты жалғастыратын боламыз», – дейді облыс әкімі.

Өңірде экономиканы әртараптандыруға және бизнестің дамуына серпін беруге бағытталған «Ақтөбе» арнайы экономикалық аймағы мен «Хромтау» индустриялық аймағы құрылды. 858 гектар аумақты қамтитын арнайы экономикалық аймақ көлік-логистикалық бағыттағы 9 негізгі сала мен өнеркәсіптің 29 бағытын дамытуға жоспарланған. Сонымен қатар бұл аумақта заманауи өндірістер құруға, инновациялық технологияларды енгізуге және отандық әрі халықаралық жетекші компанияларды тартуға баса назар аударылады. Ал Хромтау қаласында 150 гектар аумақты қамтитын

индустриялық аймақ импорттық өнімдердің орнын басатын тауар өндіруге бағытталып отыр. Мұндағы негізгі мақсат – өндірістегі жергілікті қамту үлесін шамамен 80%-ға жеткізу. Хромтау индустриялық аймағында кәсіп ашуды көздейтін жергілікті инвесторлар аз емес. Қалада шағын және орта кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыру және ірі өнеркәсіптік кәсіпорындарды шоғырландыру мақсатында «Өркен» өңірлік бағдарламасы жұмыс істейді.

Облыс әкімі Асхат Шахаровтың Қытайға сапары аясындағы кездесулер өңірге инвестиция тарту және индустриялық даму бағытын жаңаша, заманауи үлгіде жобалауға, Ақтөбенің жаңа тынысының ашылуына жасалған зор мүмкіндік болып отыр.

«Біз Қытайдың индустриялық даму саласындағы озық тәжірибесімен таныстық. Әсіресе, бір өнеркәсіптік алаңда шағын және орта бизнес үшін жағдай жасау жобасы ерекше қызықты болды. Бұл бағыт арнайы экономикалық аймақ шеңберінде тиісті инфрақұрылым жасақтаған біздің өңіріміз үшін де өзекті. Мұндай сапарлар қайта өңдеуді, металлургия саласын және жоғары технологиялық өндірістерді қалай дамытуға болатынын іс жүзінде көруге мүмкіндік береді», – дейді Асхат Шахаров.

Өңірде атқарылып жатқан қандай жоба-жоспарды алып қа-

расақ та мұның барлығы аймақтың экономикалық белсенділігін арттырып, жергілікті тұрғындардың табысын көтеруге үлес қосып отырғанын көреміз. Мәселен, «Ауыл аманаты» жобасының нәтижесінде өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсер ететін бірқатар көрсеткішке қол жеткізілді. 2025 жылы бағдарламаға республикалық бюджеттен 4,0 млрд теңге қарастырылды. Сонымен қатар кәсіпкерлердің қайтарым қаражаты есебінен (революерлік несиелеу) 1,2 млрд теңге бөлініп, жалпы 16,3 млрд теңгеге 2 866 жоба қаржыландырылды. Бұл 3 мыңға жуық жаңа жұмыс орнының ашылуына мүмкіндік берді. Жобаның негізгі бағыттары: мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы, құс шаруашылығы және шағын бизнес. Атап айтқанда, құс етімен қамтамасыз ету 5,6%-ға, көкөніспен қамтамасыз ету 5,4%-ға, картоппен қамтамасыз ету 4%-ға артты. Жоба аясында 1 620-дан астам жаңа кәсіп ашылды. Әлеуметтік аз қамтылған тұрғындарды қолдау мақсатында 41 атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасы жобамен қамтылды. Мемлекет басшысының тапсырмасы негізінде тауарлық несиелеу тетігі енгізілді. Бұл тетік кепілге қоятын мүлкі жоқ, несиелік міндеттемелері көп, аз қамтылған және көпбалалы отбасыларды қолдауға бағытталған.

Жалпы алғанда, облыста өңірді индустриаландыру және инвестиция тарту арқылы экономиканы әртараптандыру, орта және шағын бизнесті қолдау, кәсіпкерлікті дамыту, халықты жұмыспен қамту, тұрғын үй және шаруашылық инфрақұрылымын жаңғырту бағытында ұтымды жобалар жүзеге асырылып жатыр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында еліміздің әлеуметтік-экономикалық, саяси реформаларымен қатар, қоғамның рухани бетбейнесі мен адамгершілік келбетіне қатысты да өткір мәселелерді атаған болатын. Оның ішінде мәдениет пен тәрбие жайы ерекше сөз болды. Қоғамның ащы дертіне айналып отырған келеңсіз көріністер, дөрекілік, бейәдеп мінез-құлық сынға алынды. Сондықтан тәрбиенің тамыры сақталғаны жөн.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ, Ақмола облысы

Расында да, кейінгі уақытта әлеуметтік желілер мен қоғамдық орталарда әдепсіздік, тәрбиесіздік, мәдениетсіздік көріністері жиілеп барады. Мұның астарында отбасындағы тәрбиенің әлсіреуі, рухани тіректің босансып бара жатқаны да қылаң береді. Осы түйткілді түзету мақсатымен Ақмола облысында ерекше серпінмен жұмыс істеп келе жатқан құрылым – Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы аналар кеңесі. Бүгінде оның құрамында 1 200-ге жуық ардақты ана, қоғам белсенділері, ұлт жанашырлары мен зиялы қауым өкілдері бар. Бұл кеңестің мақсаты – отбасы институтын ны-

ҰЛТ ТӘРБИЕСІ – ТҰТАСТЫҚТЫҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ



ғайту, ананың қоғамдағы орнын арттыру, ұлттық тәрбие мен мәдениетті дәріптеуге бағытталып отыр.

Аналар кеңесі – жай ғана кеңестік сипаттағы ұйым емес, нақты әлеуметтік жобаларды жүзеге асыратын, қоғамның рухани өзегіне әсер етіп отырған белсенді құрылым. Кеңес жұмысы аясында «Мәдениетті ана – мәдениетті ұлт», «Әже тәрбиесі – ұлылықтың дәні», «Салауатты ана», «Ақ орамал – асыл аналардың аманаты», «Кешкі шай», «Айналайын» секілді жобалар қамтылған. Онда отбасы құн-

дылықтары, ізеттілік пен инабаттылық насихатталды.

Мәселен, жыл басынан бері кеңес бастамасымен облыс көлемінде 100-ден астам іс-шара өткізіліп, оған 3 500-ден көп адам қатысты. Бұл – тек бір облыс емес, республикалық маңызға ие көрсеткіш екені даусыз. Мұндай шаралар ұлттық рухты, отбасылық тәрбие мен мәдениетті жүйелі түрде насихаттауға бағытталған.

Кеңестің тағы бір басым бағыты – отбасы институтын экономикалық тұрғыдан да нығайтуға назар

аударуы болып отыр. Осы мақсатта көпбалалы және аз қамтылған аналарға кәсіп бастауға мүмкіндік беретін арнайы павильондар ашылды. Онда нәзік жандыларға өз өнімдерін – тағам, колөнер, тұрмыстық бұйымдарын сату арқылы экономикалық дербестікке қол жеткізуге мүмкіндік беріліпті.

Сондай-ақ жастармен және білім беру мекемелерімен тығыз байланыста жұмыс істейтін қыздар клубтары, әжелер мектебі, ата-аналармен ұлттық тәрбиеге арналған тұрақты кездесулер де осы кеңестің бастамасы. Әсіресе, ұл-қыз тәрбиесіне қатысты жүйелі ұйымдастырылып жүрген кездесулер бүгінгі ұрпақтың бойына рухани жанызық сіңірудің тиімді құралына айналған.

Айрықша атап өтерілігі, жуырда Көкшетау қаласы мен облыстық әкімдік бірлесіп, «Ақ кимешек» шеруін өткізді. Бұл шара қазақ әйелінің дәстүрлі киімін ұлықтап қана қоймай, ұлттық болмыс пен этникалық ерекшелікті сақтауға бағытталған ауқымды мәдени оқиға болды. Іс-шара Қазақстан рекордтар кітабына еніп, көпшілік көңілінен шықты.

Аналар кеңесі өз жұмысын жүйелі жүргізу үшін жергілікті және республикалық ұйымдармен ауқымды ынтымақтастық желісін орнатты. Кеңес төрайымының айтуынша, бұл әйелдердің түрлі мәселені бірлесіп шешуіне мүмкіндік берген.

– Жақында кеңес пен «AMANAT» партиясының Әйелдер канаты, Әйелдер күші альянсы арасында үшжақты меморандум жасалған еді. Бұл құжат аналар мен әйелдердің құқықтық, әлеуметтік және рухани мәселелерін бірлесіп шешуге бағытталған нақты қадам болды. Сонымен қатар кеңес «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығымен, «Зерделі ұрпақ», «Сенімен болашақ», «Ана үйі» секілді қоғамдық бірлестіктермен, облыстық іскер әйелдер қауымдастығымен, мемлекеттік мекемелермен тығыз қарым-қатынас орнатты. Бұл ынтымақтастықтың нәтижесінде қоғамның осал топтарына көмек көрсету, ұлттық тәрбие мен отбасылық құндылықтарды насихаттау бағытында ауқымды жұмыстар атқарылуда, – дейді Ақмола облысы аналар кеңесінің төрайымы Айнұр Жахина.

Кеңес ұйымдастырған «Ақ тілек: 30 жұпқа бақыт сыйлау», «Отбасы – мейірім мекені» форумдары аясында жастарға бата беріліп, өнегелі аналар «Ел анасы», «Батыл ана», «Мейірімді ана» секілді ата-лұндармен марапатталды. Бұл – ұрпақ санасына ананың қадірі мен тәрбиелік рөлін сіңірудің заманауи әрі әсерлі әдісі екені сөзсіз.

Ұлтты ұлт ететін оның мәдениеті, әдебі мен тәрбиесі екені рас. Бұл қасиеттер жойылса, ұлттың болашағы да бұлдыр тартары хақ. Сондықтан қоғам үшін отбасындағы тәрбие, әсіресе, ананың рухани миссиясы бәрінен биік тұруға тиіс. Бұл орайда Ақмола облысындағы аналар кеңесінің бастамалары – өнегелі істердің айқын үлгісі болмақ.



«АҚ БИДАЙ-2025»: БҚО ҚОЛА ЖҮЛДЕГЕР АТАНДЫ

Аймақ әкімі Нариман Төреғалиев «Ақ бидай-2025» ауыл ойындарында өңір намысын қорғаған спортшыларды құттықтады. Өңір басшысы ауыл спорты ойындарында үздік үштікке ілінген батысқазақстандық спортшылар тобымен жүздесіп, ауыл спорты ойындарын дамытуға ерқашан қолдау болатынын атап өтті. Шара соңында үздік өнер көрсеткен спортшылар марапатталды.

«Ақ бидай» ауыл спорты ойындары биыл сегізінші рет өтті. Бұл жолы ойынды Алматы облысы ұйымдастырған. Басты мақсат — ауылдық жердегі талантты спортшыларды жарыққа шығару, ауыл спортын қолдау.

Төрт жылда бір рет өтетін ойынға Батыс Қазақстан облысының командасы тыңғылықты дайындалды. Алдымен облыста іріктеу шаралары өтіп, сайдың тасындай жігіттер кейін оқу-жаттығу жиындарына аттанды.

Спорт басқармасының басшысы Бакдәулет Сабитов облыстың бұған дейін «Ақ бидай» ойындарында соңғы орындарға тоқтап келгенін, бұл жолы көрсеткішті жақсарту керегін айтқан еді. Талап қойылғасын спортшылар да қамшы салдырмай тер төкті. БҚО қоржынына жарыстың алғашқы күндері ақ алтын медаль түсіп үлгерді. Оны батысқақстандық ойынында өнер көрсеткен жігіттеріміз сыйлады.

Қоржынға алғаш алтынды Бекзат Мұксаев салды. Кейін Азат Қабылхайыр мен Асуан Құсайынов күмісті қанжығалады. Жалпы, «Ақ бидай» ауыл спорты ойындарына облыстан 200-ге жуық спортшы аттанды. Облыстық спорт басқармасы барлық спортшыларды бірдей формамен қамтып, үлкен дайындықпен жіберді.

Батысқазақстандық жанкүйерлерді қуантқандардың қатарында садақшылар да бар. Дәстүрлі садақ атудан өнер көрсеткен спортшылар командалық есепте екінші орынға табан тіреді. Мұрат Лұқпанов дәстүрлі садақ атудан алтын алды. Артынша Сырлыбай Ғалымжанов нысанадан мұлт кетпей, күміс медаль иеленді. Ал «Орталық Азия» стилінде

Оразай Қайырсапин алтын, Закира Жолсарина күміс алып, елдің еңсесін тіктеді.

— Менің садақ ату мектебіне келгеніме екі жылдан асты. Негізі, өзім мектепте сабақ беремін. Қосымша бос уақытымда садақ атып дағдыланамын. Бүгін күміс жүлдегер атанып жатырмын. Әрине, қуаныштымын. Садақ ату бұл

батыстың командалық есебін еселеді.

Шешуші жарыс күні шын ерлікті тоғызқұмалақшылар көрсетті. Ақылдың ойыны, қазақтың даналық дінгегі болған бұл спорт түрінен қос алтын, бір күміс иеленді. Бектас Кенжеғалиев пен Қарақат Сәлімғали алтын, Ақбота Қоңырова күміс жүлде алды.



үлкен терпаия секілді ғой. Дәлдікті қажет ететін спорт түрі, — дейді дәстүрлі садақ атудан күміс жүлдегер Закира Жолсарина.

Биылғы «Ақ бидай» ойындарында қазақ күресіне шыққан спортшылар да осал болмады. Айта кетейік, жалпы «Ақ бидай» ойындарында Батыс құрамасы күрестен жүлделі болып көрмепті. Бірақ биыл спортшылардың бабы мен бағы қатар шауып алтын медальді еншілеп қайтты. Бозкілемнің шаңын бұрқ еткізген қазақ күресінің білекті балуандары көп болды. Мейірім Айғали алтын алса, Нұрсұлтан Мырзахметов күміс иеленді, ал Мерей Бердіғали қола қанағат тұтты. Тайман Нұрғалиев те қарсыласын қапы қалдырып, «Ақ бидай» ойындарының чемпионы атанды. Бозкілемде белдескен бұл спортшылар

Соңғы сәттегі тоғызқұмалақшылардың бұл жетістігі БҚО командасы үшін ең үлкен сый болды. Осылайша, «Ақ бидай» ауыл спорты ойындарында командалық есепте үшінші орынға табан тіреді. Бұл — ауыл спорты ойындарында бұрын-соңды болмаған жеңіс.

Спортшылардың өздері мұны тарихи жеңіс деп атап отыр. Расымен де, бұл жолғы төккен тер ақталып, спортшыларымыз үздіктер қатарына кірді.

Айта кетейік, «Ақ бидай» жарысы биыл 20 спорт түрі бойынша өткізілді. Жарыстың жабылу салтанатында «Ақ бидай» ойындарын өткізген Алматы облысы эстафетаны Солтүстік Қазақстан облысына тапсырды. Енді төрт жылдан кейін доданың алауы еліміздің солтүстігінде тұтанады.

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА

ӘКІМШІЛІК ЖАЗАНЫҢ ӨТЕУІ – ҚОҒАМДЫҚ ЖҰМЫС

Биыл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды. Аталған өзгерістер негізінде 1 қыркүйектен бастап жасалған әкімшілік құқықбұзушылықтар үшін жазаның жаңа түрі – қоғамдық жұмысқа тарту енгізілді. Осыған орай Қонаев қаласының әкімшілік құқықбұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында жаңа ереженің атқарылуын үйлестіру жұмысы бойынша жиналыс өтті.



Құқық қорғау органдарының өкілдері мен жергілікті әкімдік қызметкерлері қатысқан жиналыста сот төрағасы Әлиасыр Қадыров ұсақ бұзақылық пен вандализмге қатысты істерде де әкімшілік жазалар қатандатылғанын атап өтті.

— Қоғамдық жұмыстарға Әкімшілік кодекстің нақты қай бабын бұзғандар тартылатынына тоқталсақ, біріншісі — 73-бап. Яғни, отбасының мазасын алып, зайыбының ар-намысын таптағандар. Кемі 20 сағат көшені қоқыстан тазартуға міндеттеледі. Егер бұзақылық есепті жыл ішінде қайталанса, жаза еселенеді. Одан кейін 434-бап — ұсақ бұзақылық. Бұл бап бойынша көпшілік көп жиналатын жерлерде былапыт сөздер айтып, айналасындағы адамдарға тиісіп, балағаттағандар 20-60 сағат көлеміндегі қоғамдық жұмысқа жегіледі. Қайталанса, 100 сағатқа дейін ұлғаюы мүмкін. Ал қоғамдық орында коқыс тастаса, жаза 40-80 сағат аралығында болады. Бұл — кодекстің 434-бабының 2-бөлігі. Сондай-ақ 440-бап. Демек, алкоголь ішіп не қоғамдық орындарға масаң күйде келсе, 20 сағаттық жұмыс күтіп тұр, — деді сот төрағасы Әлиасыр Қадыров.

Жиналыста қоғамдағы заңдылық пен тәртіпті сақтауға, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және олардың тыныштығын қорғауға бағытталған маңызды тетіктерді үйлестіру қажет екені баса айтылды. Жиын қорытындысы бойынша түйткілді мәселелер талқыланып, ұсыныстар берілді. Құқықбұзушылықтың алдын алу, сот жүктемесін азайту мақсатында зерделеу жұмыстары жоспарланды.

Айта кету керек, заң жобасы аясында Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 11-бабының санкциялары әкімшілік жазаның баламалы түрімен толықтырылды. Қоғамдық жұмыстарға тартылатындар: «Отбасылық және тұрмыстық қатынастар саласында заңға қайшы әрекеттер» (мысалы,

тұрмыстық зорлық-зомбылық), «Ұсақ бұзақылық», Қоғамдық пайдалану орындарын (көшелер, саябақтар және т.б.) ластау, «Арнайы қызметтерді жалған шақыру», «Қоғамдық орындарда алкоголь ішіп, мас күйінде болу», «Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ететін тұлғаның заңды талабына бағынбау», Қоғамдық орындарда ыңғайсыздық тудыратын әрекеттер жасау, қорлау, тиісу», «Арнайы қызмет көліктеріне (мысалы, жедел жәрдем, полиция) жол беру міндетін орындамау», «Жаяу жүргіншілер мен басқа да жол қозғалысына қатысушылардың жол ережелерін бұзу», «Сотты құрметтемеу», «Соттың үкімі, шешімі немесе басқа сот актісі мен орындаушы құжатты орындамау».

Мысалы, бұрын жалпыға ортақ пайдаланылатын орындарды, саябақтарды, скверлерді ластағаны, оның ішінде белгіленбеген орындарда коммуналдық қалдықтарды шығарғаны үшін (ӘҚБтК-нің 434-2-бабы) Жеке тұлғаларға тек 10 АЕК мөлшерінде айыппұл салынды. Заң жобасы аясында қазіргі айыппұлға балама ретінде 40 сағат қоғамдық жұмыстарға тарту ұсынылған. Ал заң жобасы бойынша қоғамдық жұмыстарды қолдану құқығы соттарға берілген. Әкімшілік айыппұлды жеке тұлғаға тағайындау кезінде судьялар құқық бұзудың сипатын, кінәлі адамның жеке басын, оның 40 бұзғанға дейінгі және кейінгі мінез-құлқын, мүлдікті жағдайын, сондай-ақ жауапкершілікті жеңілдететін және ауырлататын жағдайларды ескереді.

Айта кету керек, қоғамдық жұмыстарды жүкті әйелдерге, үш жасқа дейінгі балалары бар әйелдерге, үш жасқа дейінгі балалары бар жалғызбасты ерлерге, 58 жастан асқан әйелдерге, 63 жастан асқан еркектерге, бірінші және екінші топтағы мүгедектерге және әскери қызметкерлерге тағайындауға болмайды.

Кербез ЕСІМ

АЙНА

4 ҚАЗАН 2025 | СЕНБІ



Қазақстанда кино түсіру бүгінде өнер ғана емес, нағыз табысты бизнеске айналды. Экранға шыққан әрбір жаңа туындының артында үлкен еңбек пен есеп бар. Кино сыншылардың айтуынша, фильмдердің көбеюі сапаның артуына да, индустриядағы бәсекенің күшеюіне де ықпал етеді. Ең бастысы, көпшілік көңілінен шыққан фильм бір-ақ сәтте продюсерді де, шығармашылық топты да миллиардер атандыра алады. Біз қазақ киносындағы миллиардер фильмдерді санап көрдік.

МИЛЛИАРДЕР

Көктем ҚАРҚЫН

Нұрлан Қоянбаевтың «Қазақша бизнес» комедиясы — миллиардтық межені бағындырған алғашқы отандық фильм. Кино әр жылда шыққан сайын бұл көрсеткішінен түскен жоқ. Жалпы, еліміздегі киноөнімінің 90%-ы коммерциялық киноға тиесілі. 2023 жылы 67 фильм прокатқа шыққан. Олардың арасында көп қасса жинаған «миллиардер» бес фильм бар: Дариға Бадықованың «Таптым-ау сені», Нұрлан Қоянбаевтың «Үндістандағы қазақша бизнес», Қуаныш Бейсектің «Дәстүр», Ернар Нұрғалиевтің «Ең болмаса кинода — 2», Абдусайд Шайхисламның «Маған назар аудар», Мұрат Есжанның «Міржакып. Оян, қазақ!» фильмдері. Ал былтыр бұл тізімді «Брат или брак 3», «Жездуха», «Қазақша бизнес Бразилияда», «Заманбаск» фильмдері толықтырды. Биыл миллиардер тізіміне «Рэкетир. Жаңа заман», «Молда», «Патруль. Соңғы бұйрық», «Қолыңнан келсе, алып қаш», Qaitadan фильмдері қосылды. Әртүрлі ақпарат көздерінің дерегіне қарағанда, Қазақстан киноиндустриясы жыл сайын 17 миллиард теңге табыс табады.

КИНОНЫ ЖАРҚЫРАТАТЫН — ЖАРНАМА

Мамандар мұндай табыстың сыры — көрерменге жакын тақырып пен ұлттық юморда екенін айтады. Қарапайым қазақы отбасы, күнделікті тұрмыс, таныс кейіпкерлер экраннан көрініс тапқанда, жұрт қызығушылықпен қарайды. Сонымен қатар техникалық тұрғыда да қазақ киносы алға ілгеріледі. Сапалы түсірілім, кәсіби актерлік ойын мен режиссерлік шешімдер отандық киноның жаңа дәуірін қалыптастырды.

— 2024 жылы қазақстандық 90 фильм прокатқа шықты, бұл — рекордтық көрсеткіш. 2023 жылы 60 кино болған. Бұл — картиналар саны бір жарым есе өсті деген сөз.



Кассадан түскен түсімдер айтарлықтай, былтыр алты фильм миллиард теңгеден астам қасса жинады. Солардың бірі — «Заманбаск» фильмі. Біз жеке киноөндіріс компанияларында талантты, белсенді жастар бар екенін көріп отырмыз. Бұдан бөлек, веб-сериалдардың да саны артқан. Бұл — керемет. Қазақ киносы жан-жақты дамып, сан алуан жанр пайда болып жатыр деп ойлаймын. Егер бұрын тек комедиялар басым болса, қазір кинотеатрларда көрермендерді жинайтын драмалар мен корқынышты фильмдер шығып жатқанын көріп отырмыз, — деді киносыншы Кәрім Қадырбаев.

Тек жеке киностудиялардың фильмдері ғана миллиард теңге қасса жинады десек қателесеміз. Биыл мемлекет қаржысына түсірілген фильм алғаш рет прокатта 1 миллиард теңге жинады. Қуанышты жаңалықты Мәдениет және ақпарат министрлігі хабарлады.

«Қазақстандық режиссёр Думан Еркімбектің дебюттік толық-

метражды фильмі Qaitadan үш апта ішінде 1 млрд теңгеден астам табыс жинап, отандық кинопрокатта көш бастады. Фильм — кино өндірісіне жұмсалған мемлекет қаражатынан бес есе артық табыс тапқан алғашқы жоба», — делінген баспасөз хабарламасында.

Айта кетейік, Qaitadan — қазақ киносының жаңа белеске көтерілгенін айғақтайтын фильм. 2023 жылы питчинг жеңімпазы атанған бұл жоба Мәдениет және ақпарат министрлігі және Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының қолдауымен түсірілген еді.

— 2024 жылы отандық нарыққа 90 жаңа фильм қосылыпты. Бұл — тарихта болмаған үлкен көрсеткіш. Басым көпшілігін жекеменшік киностудиялар түсірген. Бұрын кинотеатрларда қазақша кинолар аз еді. Ал қазір басым бөлігі — отандық туындылар. Мұның өзі үлкен жетістік, — дейді киносыншы Баубек Нөгершек.

Сарапшылардың айтуынша, киноның тек жақсы түсірілуі аздық етеді. Соңғы жылдары миллиард теңгеден астам табыс жинаған қа-

зақстандық фильмдердің тағы бір құпиясы — дұрыс жүргізілген маркетингтік стратегия. Продюсерлер жана туындыны түсірмей тұрып-ақ әлеуметтік желіде әңгіме туғызады. Әр актердің жеке парақшасы жарнама алаңына айналса, трейлерлер теледидардан, YouTube пен TikTok-тан түспейді. Көрермен фильмді кинотеатрға бармай тұрып-ақ танып қояды. Кейбір жобалар премьералар алдында арнайы шоу жасайды, актерлермен кездесулер ұйымдастырады. Бұл да көрерменді қызықтырып, алғашқы күннен-ақ билет сатылымын арттырады. Ендеше қазіргі қазақ киносының миллиардтық табысқа жетуі — тек сценарийдің емес, маркетингтің де жеңісі. Өйткені дұрыс жарнама-

ланды. Бас кейіпкерлердің қысқа үзінділері мен күлкілі сәттері желіде трендке айналып, жастарды кинотеатрға тартты. Соның нәтижесінде фильм небәрі 10-15 күнде миллиард теңгеден астам табыс жинады.

ЕЛ БОЛАМЫН ДЕСЕҢ, ЭКРАНЫҢДЫ ТҮЗЕ

Жыл басында Мәжіліс депутаты Жанарбек Әшімжан кино бірінші кезекте бизнес емес, өнер, ұлттық ұстаным миссиясын атқаруы керек екенін айтып, депутаттық сауал жолдады.

— «Ел боламын десек, бесігінді түзе!» деп ұран тастап еді. Бүгін сол мәтелдің мәні өзгеріп тұр. «Ел боламын десек, экраныңды түзе» дейтін кезеңге келдік. Кез келген елдің қоғамдық-саяси өмірінде киноның алатын орны айрықша. Соңғы жылдары елімізде түрлі бағытта түсірілген фильмдер аз емес. Алайда сол фильмдердің сапасына қатысты сұрақ-сауалдар пісіп-

жетіліп, арнасынан асып тұр... Дәл осы найзағайдың отына нан пісіріп жатқан кезеңде кино — бірінші кезекте бизнес емес, өнер, ұлттық ұстаным миссиясын атқару керек. Сондықтан режиссерлер мен сценаристер ең әуелі кинофестивальдардан сыйлық алуды емес, киноның ұлтқа әкелер пайдасын, ұрпаққа берер тәлімін көбірек ойлағаны ләзім, — дейді депутат.

Оның айтуынша, өткен 2024 жылы қазақстандық 90 фильм прокатқа шыққан. Соның 56-ы — комедия. Картиналар жыл сайын 30 фильмге толыққан. Кассадан түскен түсімдер де аз емес. 6 фильм миллиард теңгеден астам қасса жинаған. Бірақ көпшілігінің сапасы сын көтермейді. Көбі — тарихи, экшн, комедиялық, авторлық фильмдер. Ұлттық кинолардың қатары тым аз. Ұлттық статистика бюросы 2024 жылы қазақстандықтар 17 млн 47 мың 524 рет киноға барса, соның үштен бірі алты миллионға жуығы отандық фильмдерді тамашалаған.

Ендеше көрермен қолдауы мен продюсерлердің батылдығы арқасында миллиард жинаған фильмдерден, сапасы әлемдік деңгейге жеткен туындылардың да уақыты туары анық.

Qaitadan — қазақ киносының жаңа белеске көтерілгенін айғақтайтын фильм. 2023 жылы питчинг жеңімпазы атанған бұл жоба Мәдениет және ақпарат министрлігі және Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының қолдауымен түсірілген еді.

ланған фильмнің жолы ашық, көрермені көп. Мысалы, «Қазақша бизнес» фильмі жарнаманың жаңа үлгісін көрсетті. Премьераларда актерлер елдің бірнеше қаласын аралап, көрерменмен кездесті. Әлеуметтік желілерде арнайы хэштегтер мен эзл видеолар таралып, фильмге деген қызығушылықты күшейтті. Ал «Таптым-ау сені», «Қолыңнан келсе, алып қаш» романтикалық комедиялары TikTok пен Instagram-ды белсенді пайда-

AMANAT
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор —
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС —
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ —
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА —
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы
Алтай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ —
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН —
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА —
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ —
Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ —
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін — 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 55102
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМЕ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМЕ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4650
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,